AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

СЕЙСЕНБІ №80 (4474)
23.07.2024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚАЗАҚ-ИРАН ҚАТЫНАСЫ **НЫҒАЯ ТҮСЕДІ**

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының жаңадан сайланған Президенті Масуд Пезешкианмен телефон арқылы сөйлесіп, жеңісімен құттықтап, жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Әңгімелесу барысында екі ел басшылары қазақ-иран қатынастарын одан әрі нығайтуға өзара ниетті екенін растады.

Тараптар сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын талқылады. Сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

ТЕРЕҢ БАТЫРАДЫ, **АБАЙЛАУ КЕРЕК...**

Атырау облысында шомылуға қауіпті 70 орын бар, оның 17-сі – Атырау қаласында, 10-ы – Индер қаласында, 19-ы – Махамбетте, екеуі – Құрманғазыда, жетеуі – Жылыойда, 15-і – Қызылқоға аудандарында орналасқан. Мұнда 238 тыйым салу белгісі мен тоғыз ақпараттық стенд орнатылған. Арнайы рейдтер жүргізіліп, жағалауда жүрген, суға түсіп жатқан адамдарға ескертулер де берілген. Бірақ азаматтар шомылу маусымының не себепті ашылмай отырғандығын, ашық су айдындарында тасқыннан кейін суға түсудің қаупі жоғары екенін сезіне бермейді.

» 5

АЛТАЙ ЖЫРШЫСЫ

6 БЕТ

Қазақ әдебиетінде өзіне лайық орнын ойып алған Асқар Алтай шығармашылығы көзі қарақты, ойлы оқырманның көз алдында. Жазушының қай шығармасын алсақ та, Алтайдың өткен тарихын, бүгінгі кескін-келбетін, бітім-болмысын, яғни шежіресін толғайды.

20 АСПАПТЫҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАЙДЫ

8 БЕТ

Бір өзі жиырма музыкалық аспапта ойнайтын атыраулық Абзал Сиғуатоллаұлы небәрі 24 жаста. Абзалдың жиырма аспапта ойнаған шағын бейнеклипі қазір әлеуметтік желіде кең таралып жатыр. Бір не үш емес, жиырма аспапты меңгеріп алған Абзал – қарапайым ауылдан шыққан талант.

ЖАРЛЫҚ

П.К. КЕСОГЛУДІ I ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

2024 жылғы 22 шілде

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мәдениет пен эстрада өнерін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Пантелей Константинович Кесоглу I дәрежелі «Барыс» орденімен наградталсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН **ЖӘДІГЕРЛЕР**

Археологтар Шет ауданындағы Талды тарихи-археологиялық паркінің аумағындағы қорғандардың бірін қазу кезінде біздің заманымызға дейінгі 2,5 мың жыл бұрынғы дәуірге жататын бірегей жәдігер тапқан болатын. Олар іші ат әбзелдеріне толған қазанды зерттеу көптеген құнды мәлімет беретініне сенімді. Иілген үш аяқты, мыстан құйылған жәдігер – Орталық Қазақстан өңірінен табылған алғашқы қазан. Ол хан ордасынан 200 метр қашықтықта, қорғандардың ішінде емес, бөлек көмілген екен.

» 7

ҚОРҚОРДЫҢ ҚОРЛЫҒЫНАН **ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?**

Қоғамдық орындарда қорқор тартуға тыйым 2020 жылы күшіне енді. Алайда бұл тыйым сақталмайды. Мейрамхана, түнгі клуб, барларда жазғы террасада да, ғимараттың ішінде де жұрт қорқорды қорқылдатып жатады. Денсаулық сақтау министрлігінің түсіндіруінше, тыйымның аяқасты болуына оны бұзғаны үшін салынатын айыппұлдың тым аздығы себеп. Бұған қоса, айыппұл бизнес нысанына емес, шегушіге салынады. Сондықтан Үкімет вейптердің ізімен, енді кальяндарды әкелуге және сатуға толық тыйым салу мәселесін қарастырмақ.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕДЕЛДЕТУ ҚАЖЕТ

Премьер-Министр Олжас Бектенов жұмыс сапарымен еліміздің батысына барды. Басты мақсат – Мемлекет басшысының су тасқынынан зардап шеккен азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын тексеру.

Батыс Қазақстан облысында Үкімет басшысы Теректі ауданындағы Подстепное ауылында, Деркөл кентінде және Орал қаласындағы «Жұлдыз» ықшамауданында болды, мұнда жалпы саны 400-ге жуық тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Тексеру барысында алдағы суық мезгілді ескере отырып, жұмыс қарқыны мен тұрғын үй инфрақұрылымының қоныстануға дайындығын қамтамасыз ету мерзімдері бағаланды.

Теректі ауданы Подстепное ауылында 3 бөлмелі 106 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Жұмыс биылғы мамыр айында басталған болатын. Бүгінде іргетасын құю жұмысы толығымен аяқталды, 43 үйдің қабырғасы тұрғызылып жатыр, 62 үйдің шатыры жабылуда. Нысандарға 8 мердігер ұйым, шамамен 330 адам және 56 техника жұмылдырылған. Тамыз айының ортасында пайдалануға беру көзделген.

Деркөл кентінде 103 тұрғын үй жаңа учаскелерде салынып жатыр. Қазір іргетас құю жұмыстары толығымен аяқталды, 24 нысанда ішкі әрлеу жүргізіліп жатыр. Оған 5 мердігер ұйым жұмылдырылды. Жұмыс биылғы қыркүйек айында аяқталады деп жоспарланған.

Орал қаласының «Жұлдыз» ықшамауданында 191 нысан жаңа жерде салынып жатыр. Тұрғын үйлерді уақытылы тапсыру үшін 17 мердігер мекеме жұмысқа тартылды. Бүгінде барлық үйдің іргетасы құйылған, 178 үйдің қабырғасы қалануда, 49 нысанның шатыры жабылып жатыр.

Премьер-Министр су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды жаңа баспанамен уақытылы қамтамасыз ету үшін жұмыс барысын қатаң бақылау қажеттігін атап өтті.

«Өңір қажетті қарқын алуы керек. Сапалы, қауіпсіз және жайлы тұрғын үймен қамтамасыз ету міндеті – Үкіметтің негізгі басымдығы. Барлық құрылыс нысандарында бақылауды күшейту қажет. Облыста баспаналарын күтіп, уақытша жерлерде тұрып жатқан отбасы қатары көп. Құрылыс жұмыстарын жеделдетіп, 2-3 ауысымдық жұмыс кестесіне көшу қажет. Толық жұмылдыруды қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді Олжас Бектенов.

Сонымен қатар инженерлік желілерді, жол және әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіру бойынша тапсырмалар берілді. Салынып жатқан аудандарда ілеспе инфрақұрылым мен абаттандыруды алдын ала қарастыру қажет. Жаңа тұрғын аудандардың жанында 1 500 орынға арналған «Жайлы мектептердің» құрылысы жүргізілуде. Облыс әкімдігінің мәліметінше, жұмыстар биылғы күзде аяқталады.

Бұдан соң Премьер-Министр Батыс Қазақстан облысында су тасқыны салдарынан зардап шеккен, шалғайда орналасқан Қаратөбе ауданы Қоржын ауылына барды. Мұнда қираған үйлердің орнына бір пәтерлі 90 тұрғын үй салынып жатыр. Іргетас құрылысы бойынша жұмыс толығымен аяқталған. Бүгінде 34 үйдің қабырғасы тұрғызылып, 56 үйдің төбесі жабылып жатыр. Нысандардың жалпы дайындығы 50%-ға жетеді.

Бұған дейін Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша учаскеде жұмыс істейтіндердің саны 30%-ға артқан болатын. Қазіргі уақытта нысандарда 288 адам жұмыс істейді. Жұмыс кестеге сәйкес жүргізілуде.

Жобаға сәйкес үйлерде қалыңдығы 400 мм таспалы іргетас қарастырылған, іргетастың түбінен биіктігі 1500 мм болады. Қабырғаларды тұрғызуға қапталған силикатты қызыл кірпіш, керамзитті блок, минералмақта плитасы қолданылуда. Сондай-ақ жобада инженерлік желілерді жүргізу көзделген.

Әлеуметтік инфрақұрылымға келсек, ауылда қазір жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан 400 орынға арналған мектеп бар. Сонымен қатар жаңа үйлердің болашақ тұрғындары үшін балалар алаңы салынады.

«Жұмыста кемшіліктер болмауы керек. Мемлекет басшысы үйлердің тиісті сапасын қамтамасыз етуді тапсырды. Тұрғын үйлерді барлық инженерлік желіге бірден қосу қажет. Бұл ретте жол инфрақұрылымы мен әлеуметтік нысандарды тезірек қалпына келтіруді қамтамасыз ету маңызды. Ауруханалар, мектептер мен балабақшалар сапа мен техникалық жарақтандырудың заманауи талаптарын ескере отырып салынуы керек», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сондай-ақ Үкімет басшысы Олжас Бектенов Ақтөбе облысына барып, су тасқынынан зардап шеккен Темір және Ойыл аудандарының тұрғындары үшін салынып жатқан жаңа үйлер құрылысының қарқынымен танысты.

Ойыл ауданы Қаратал ауылында салынып жатқан үйлердің бұған дейін жоспардан 15-25 күнге кешігуі туралы мәселе көтерілген болатын. Елді мекенде су тасқыны салдарынан 210 ғимарат зақымданған, оларды тексеру жұмыстары толығымен аяқталды. Ауыл тұрғындары үшін қайталама нарықтан 60 үй сатып алынды. Жөндеуге жататын 18 нысан бойынша тиісті төлемдер жүргізілді. Ауылда тұруға жарамсыз деп танылған үйлердің орнына 132 тұрғын үй салынып жатыр.

Премьер-Министр мердігер компаниялардың арнайы техникамен және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілу жағдайымен танысты. Қазір 132 үйдің барлығының іргетасы құйылып, 120 үйде қабырға қалау жұмыстары аяқталды, 65 үйдің шатыры жабылды, ал 30 үйдің ішкі құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Олжас Бектенов құрылыс алаңдарына қосымша күш пен арнайы техника тартуды тапсырды.

Премьер-Министр Темір ауданы Құмсай ауылындағы құрылыс барысын тексерді. Су тасқыны салдарынан мұнда 46 тұрғын үй зақымданды. Ауыл тұрғындары арнайы сатып алынған 18 үйге қоныстанды, 7 үй жөндеуден өтті. 21 жаңа үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр, қазір қабырға қалау жұмыстары толығымен аяқталды. 19 жаңа ғимараттың төбесі жабылса, оның алтысында ішкі құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

«Инфрақұрылым мен тұрғын үйлер су тасқынынан қатты зардап шекті. Президент жолдар мен әлеуметтік нысандарды реконструкциялауды, үйлерді қалпына келтіруді және жаңадан салуды тапсырды. Барлық тапсырма қысқа мерзімде орындалуға тиіс. Бұл үшін әкімдіктерге Үкімет пен салалық министрліктерден толық қолдау көрсетіледі», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы облыс аумағында орналасқан гидротехникалық құрылыстардың жай-күйіне жеке тоқталды. Мәселен, 206 құрылымның 15-і қираған. Су тасқынының салдарын жою үшін қазір қажетті жұмыстар жүргізілуде. Гидроқұрылыстар бойынша барлық процесті жеделдету, сондай-ақ 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындық мақсатында қауіптің алдын алу туралы тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар өңірде 58 көлік инфрақұрылымын қалпына келтіру жоспарланып отыр. Бұзылған жолдарды жөндеу және реконструкциялау үшін Үкімет резервінен 10,2 млрд теңге, облыстық резервтен 6,4 млрд теңге бөлінді. Қазір сараптама нәтижелері күтілуде.

ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ ЖАЙ-КҮЙІМЕН ТАНЫСТЫ

Сенатор Сұлтанбек Мәкежанов Алматы облысындағы қазіргі заманғы мектеп құрылысымен танысты.

Биыл Алматы облысындағы Есік қаласында 900 оқушыға арналған жалпы білім беретін жаңа мектеп ашылады. Сенат депутаты Сұлтанбек Мәкежанов осы мектептің құрылысымен танысты. Бұл былтыр Ақмола облысындағы Қосшы қаласында ашылған мектептен кейінгі қазіргі заманғы стандарттар бойынша осы үлгіде салынып жатқан екінші білім беру мекемесі болып отыр.

«Алматы қаласында да осындай мектеп салу жоспарланып отыр. Осыған байланысты біз бүгін тәжірибе алмасу үшін Алматы қаласы Құрылыс басқармасының басшысы мен Жобалау институтының басшыларын да осы нысанға шақырдық. Мұндай мектептердегі сыныптардың ауданы 60-62 шаршы метрді құрайды, бұл балалардың білім беру процесіне қолайлы жағдай туғызады. Болашақта қазақстандық мектептер осындай болуға тиіс. Спорт алаңдары да осы стандарттарға сай болуы керек», – деді сенатор.

Депутат сапар барысында Алматы қаласындағы жол кептелісі мәселесіне де назар аударды. Ол қаланың ең көп жүретін учаскелерінің бірі Құлжа трактісіндегі жолды кеңейту барысымен танысты.

Депутатқа жолды кеңейтіп, жолақтар санын көбейту жұмыстары биылғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталатыны туралы хабарланды. Құлжа трактінде осыған дейін 4 жолақ болса, енді әр бағытта 3-ке дейін көбейтіледі және жалпы алғанда 6 жолаққа кеңейтілетін болады. Бұл қаланың шығысындағы кептелісті едәуір азайтады.

БЕС АДАМНЫҢ ӨМІРІН АРАШАЛАП ҚАЛДЫ

Елордадағы University Medical Center клиникаларында донорлық ағзаны трансплантаттау бойынша ота сәтті жүргізілді. Осылайша, дәрігерлер донор кезегінде тұрған бес адамның өмірін сақтап қалды.

Донор инсульт алған 44 жастағы әйел болған, дәрігерлер консилиумы марқұмның миы қызметін тоқтатқанын (өлгенін) растаған. Оның туыстары ағза донорлығына келісім берген.

Марқұмның жүрегін UMC жүрек орталығында медициналық топ 43 жастағы пациентке трансплантаттады. Науқасқа бұрын механикалық қан айналымын қолдау құрылғысы (LVAD) имплантталған, соның арқасында өмір сүріп келген.

Екінші пациентке өкпе трансплантациясы жасалды.

UMC Ана мен бала орталығында 15 жастағы қызға бүйректі трансплантаттау жүргізілді.

Сондай-ақ екінші донорлық бүйрек пен бауыр Астана қаласының Ұлттық ғылыми онкологиялық орталығында пациенттерге трансплантталды. Барлық реципиенттердің жағдайы қанағаттанарлық, олар мамандардың бақылауымен оңалтудан өтеді.

Донорлық ағзаларды трансплантаттау – ең күрделі операциялардың бірі, алайда отандық мамандар оны сәтті өткізді.

Айта кетейік, жүрек пен өкпені трансплантаттау қайтыс болған донордан мидың өлімі расталған кезде ғана жүзеге асырылады. Алайда одан әрі процесс көбінесе донордың жақын туыстарының шешіміне байланысты.

ОТАНДЫҚ ИНТЕРНЕТ ОЗЫП ТҰР

Еуразиялық даму банкі еліміздегі цифрлық қызметтердің даму қарқынын саралап көрді. ЕАЭО-ның басқа елдеріне қарағанда біздегі интернет халықтың көп бөлігіне қолжетімді екені анықталып отыр.

Есепке сәйкес, Қазақстанда азаматтардың 90,9 пайызы бірден интернетке қол жеткізе алады. Ресейде бұл көрсеткіш небәрі 88,2%-ды, ал Беларусьте 86,9%-ды құраған. Түрікменстандағы көрсеткіш 38,2%-ға тең.

Интернет жылдамдығы бойынша Қазақстан ЕАЭО елдерінің ішінде Өзбекстаннан кейінгі төртінші орынға тұрақтаған. Армения, Түрікменстан және Тәжікстанда ең төменгі көрсеткіштер тіркелген.

Дегенмен Қазақстандағы электрондық Үкімет рейтингі аймақтағы басқа елдермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Әлемдік кестеде Ресейден 14 ұпайға озып, 28-орынға жайғасқан (42-орын). Одан кейін Армения (64), Өзбекстан (69), Қырғызстан (81), Беларусь, Тәжікстан (129) және Түрікменстан (137) орналасқан.

Банк сарапшылары 2028 жылға қарай Орталық Азиядағы интернетті қолданудың орташа деңгейі 76 пайызды құрап, пайдаланушылар саны 11 миллион адамға өседі деп болжап отыр.

ӨҢІРЛЕРДЕ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСТАР ӨТКІЗЕДІ

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы жақын арада еліміздің барлық өңірінде ресми көшпелі отырыстар өткізуге ниетті. Бұл туралы «Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары, Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек өзінің Facebook парақшасында айтты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша пайдаланылмаған және заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекеттік меншікке қайтару бойынша жұмыстар жүргізілуде. «AMANAT» партиясы ел Президентінің қоғамдық тірегі бола отырып, осы мәселені шешуге алғашқылардың бірі болып қосылды.

«Жер аманаты» комиссиясының ресми отырыстары 2024 жылдың тамыз-желтоқсан айлары аралығында республикалық маңызы бар барлық облыс пен қалада өткізіледі.

«Біз тек қана игерілмей, пайдаланбай жатқан жерлер бойынша ғана емес, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың жер учаскелерін беру кезіндегі әкімдіктердің заңсыз істері мен басқа да заңсыз әрекеттерге қатысты өтініштерін қарастырамыз. Баршаңызға айтарым, комиссияның сіздің өңіріңізге келу мүмкіндігін пайдаланыңыз, жер қатынастарындағы заңдылықты, тәртіп пен әділдікті бірге қалпына келтірейік», – деді Бақытжан Базарбек.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының «Жер аманаты» республикалық жер комиссиясы 2022 жылдың маусым айында құрылған болатын. Осы уақытқа дейін мемлекетке 10,8 миллион гектардан астам ауылшаруашылық жерлері қайтарылды, оның 3 миллионға жуығы азаматтарға берілді. Сондай-ақ комиссияның бастамасымен мемлекет меншігіне қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлеріне ашық қолжетімділік беру мақсатында jerkarta.gharysh.kz. геоқызметі іске қосылды. Жер мәселелері бойынша 3 мыңнан астам өтініш қаралып, олардың 80%-ы оң шешімін тапты.

«Жер аманаты» комиссиясына өтінішті «AMANAT» республикалық қоғамдық қабылдау арқылы келесі байланыстар бойынша беруге болады:

1. Call-центр: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін);
2. WhatsApp: 8 700 800 4441
3. E-mail: komek@amanatpartiasy. kz.

ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК ПУНКТТЕР ЖАҢАРТЫЛУДА

«AMANAT» партиясы орталық аппаратының партиялық бақылау департаменті директоры Дәурен Бижуманов Павлодар облысында фельдшерлік-акушерлік пункттердің (ФАП) құрылысына бақылау жүргізді.

Жұмыс сапарында онымен бірге партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Олег Костенко, қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сүлеймен Сыздықов, ҚКП мүшесі, қалалық мәслихат депутаты Виктор Пряхин және жергілікті партиялықтар мен фракция мүшелері болды.

Делегация Павлодар және Шарбақты аудандарындағы нысандарды аралады. Павлодар ауданының Толыбай ауылында қолданыстағы ФАП қайта жаңартылуда. Бижумановтың айтуынша, жұмыстар сапалы және мерзіміне сай жүргізілуде. Партия мүшелері тарапынан нысанда электр қуаты өшкен кезде жылыту жүйесінің де өшіп қалмауына жол бермеу үшін қосымша резервтік электр қуатын орнату бойынша ұсыныстар берілді.

Шарбақты ауданы Арбиген ауылындағы жағдай комиссияның алаңдаушылығын тудырды. Мұнда жаңа фельдшерлік-акушерлік пунктті салу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, шаруа кестеде көрсетілген мерзімнен едәуір артта қалған. Бұл қарқынмен қыс келгенше жұмыс аяқталмайтын түрі бар.

«Нысанның аяқталу мерзімі 24 тамыз болғанымен, бүгінде тек қабырғалар ғана тұрғызылған. Терезелер енді орнатылған, алда ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары бар, асығу керек», – дейді Дәурен Бижуманов.

Мердігерлер кідірістің жергілікті билік тарапынан болғанын алға тартып отыр. Себеп, нысанға электр көзі уақытында жеткізілмеген, сонымен бірге құбырлар қосылмаған көрінеді. Партиялық бақылау департаментінің директоры бұл мәселенің барлығын облыстық партиялық бақылау комиссиясы мен «AMANAT» партиясының аудандық филиалы қатар бақылауға алғаны туралы айтты.

ФАП құрылысы «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында жүргізілуде. Қыркүйек айында республикалық партиялық бақылау комитетінің отырысы жоспарланған, онда медициналық пункттер құрылысын іске асыру мәселелері қаралатын болады. Отырыста Денсаулық сақтау министрінің, орталық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер өкілдерінің есептері тыңдалады.

ЗАҢСЫЗ ЖЕР МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясына былтырғы 3 тамызда Қарақия ауданы «Қос Ада» аумағындағы сауықтыру кешенінің құрылысына арналған жер учаскесін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде ұсыныс түскен болатын.

Осыған орай, «Жер аманаты» комиссиясы мен құзырлы органдардың араласуымен «Қос Ада» аумағындағы сауықтыру кешенінің құрылысына арналған көлемі 3 457 гектар жер учаскесі Жер кодексінің 43-бабының нормалары бұзыла отырып, жекеменшікке берілгені анықталды. Сонымен қатар «Қос Ада» аумағындағы сауықтыру кешенінің құрылысына арналған жер учаскесі жер комиссиясында қаралмай және жерге орналастыру жобасы жасалмай рәсімделген.

Нәтижесінде, Жер ресурстарын басқару департаменті өз құзыреті шегінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттарды жарамсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінді. Соттың шешімімен департаменттің талаптары толығымен қанағаттандырылып, жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

КІРІСТІ БАҚЫЛАУДЫҢ ТИІМДІ ТЕТІГІ

Елімізде 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау кезеңі басталады. Ендеше, бұл бастаманың болашағы қандай? Табысты жаппай жариялау санатына кімдер жатады? Табысын жасырып қалғандар қалай жазаланады? Осы және басқа да сұрақтарды Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Сейілжан Ахметовке қойған едік.

– Сейілжан Әділханұлы, еліміз үшін игі бастамаға айналғалы отырған бұл қадамның болашағы қалай бағаланады? Халық пен бизнестің кірістерін міндетті декларациялаудың негізі мақсаттары қандай?

– Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау әділ салық салуды қамтамасыз ету және әлеуметтік саясатты жетілдіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және көлеңкелі экономика деңгейін төмендету, жеке тұлғалардың кірістерін бақылаудың тиімді тетігін құру мақсатында енгізіліп отыр. Жеке тұлғалардың кірісіне жан-жақты бақылауды қамтамасыз ету арқылы салық төлеуден жалтарған адамдар анықталады. 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайын, одан кейін 2023 жылдан бастап бюджеттік ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерін мен олардың жұбайын кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілді. Биыл декларацияны бизнес өкілдері, яки заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлар тапсыруы тиіс. 2025 жылы жалпыға бірдей декларациялау еліміздің барлық тұрғынын қамтиды. Азаматтардың қалған бөлігі, мысалы, жеке құрылымның қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және т. б. кіру декларациясын тапсыруы керек.

– Азамат декларацияда нені көрсетуі керек? Декларация қалай беріледі және оны ұсынбағандарға не болады? Декларацияны толтыру қанша уақытты алады, оны толтыру бойынша ұсынымдар немесе нұсқаулықтар бар ма?

– Декларацияда шет мемлекетте тіркелген көлік құралдары, заңды тұлғадағы үлестері, жылжымайтын мүлік және шетелдік банктердегі ақша қаржаты туралы мәліметтер көрсітеледі. Сондай-ақ, декларацияда (250.00 СЕН) Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі мүліктер көрсетілуі тиіс. Олар – бағалы қағаздар, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын үйдегі үлес, инвистициялық алтын, зияткерлік меншік объектілері, авторлық құқықтар, 10 000 еселенген АЕК шегінде қолма-қол ақша, нотариалды куәланлырылған келісім болған жағадайда дебиторлық/кредиторлық берешек, қалауы бойынша және бағалау құны болған жағдайда құны 1 000 еселенген АЕК-тен асатын өзге де мүлік.

Декларацияны электронды түрде және қағаз жеткізгіште, яки ХҚКО, мемлекеттік кірістер органдарына немесе пошта бөлімшелері арқылы беруге болады. Халыққа ыңғайлы болу үшін декларацияларды тапсыру бойынша электрондық қызметтер: Салық төлеушінің кабинеті (cabinet.salyk.kz), Web-портал (Moldir.qoldau.kz), «Электрондық үкімет» порталы (egov.kz) және екінші деңгейлі банктердің «E-Salyq Azamat», Halyk, bcc.kz (Центркредитбанк), eGov mobile, Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы іске асырылады, бұл ретте мобильді қосымшаларға ЭЦҚ-сыз SMS код арқылы кіруге болады.

Мобильді қосымшалардың көмегімен декларацияны үйден шықпай-ақ оңай және жылдам тапсыруға болады. Жалпыға бірдей декларациялау туралы ақпаратты ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында «Жалпы декларация» бөлімінде білуге болады, оның ішінде онда декларацияны толтыру бойынша қадамдық нұсқаулықтар, Қазақстан Республикасындағы активтеріңізді тексеру бойынша бейне нұсқаулықтар орналастырылған. Салық есептілігін мерзімінде ұсынбағаны үшін бірінші рет ескерту түрінде әкімшілік жауаптылық, ал бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін 55 380 теңге (15 АЕК) көлемінде айыппұл көзделген.

– 2023 жылғы наурызда «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңы күшіне енді. Осы заңды жүзеге асырудың қандай негізгі аспектілерін атап өтер едіңіз? Бұл мәселеде өзекті статистика қандай, қанша қазақстандық банкроттық рәсімін пайдаланып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алды?

– Заң жеке тұлғалардың қарызымен байланысты мәселелерді шешу үшін 3 рәсім ұсынады: соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық рәсімін мемлекеттік кірістер органдары қолданады. Аталған рәсімнің мақсаттары үшін жеке тұлғалардың банкроттығы бойынша «Qoldau» жаңа ақпараттық жүйесі іске қосылды. Ақпараттық жүйе шеңберінде 24 мемлекеттік органдар мен ұйымдардың базалары арқылы өтініш берушінің кіріс өлшемшарттарына сәйкестігін автоматты тексеру жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда соттан тыс банкроттық рәсімінің нәтижелері бойынша 13 663 азамат 29,6 млрд теңге сомасына банкрот деп танылды. Оның ішінде АӘК алушылар – 1,5 млрд теңге сомасына 1 237 азамат, борышы 5 жылдан астам өтелмеген тұлғалар – 19,3 млрд теңге сомасына 6 707 азамат бар. 6 567 азаматқа қатысты рәсім жүргізілуде.

Сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерін сот қолданады. Аталған рәсімдерді қолдануға қаржы ұйымдары алдындағы борыштары 1 600 АЕК-тен асатын не өзге тұлғалар, яки жеке тұлғалар, салықтық берешек және т.б. алдында орындалмаған міндеттемелері немесе мүлкі бар азаматтар жүгіне алады. Сот арқылы банкроттық істер шамамен 13 млрд. теңге сомаға 21 азаматқа қатысты аяқталды, рәсім 200 борышкерге жүргізілуде. Төлем қабілеттілігін 4 азамат қалпына келтіруде.

– Заңда соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот арқылы банкроттық рәсімдері арқылы борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкіндігі көзделген. Қай рәсім ең көп сұранысқа ие болды?

– Статистикаға сәйкес, ең көп сұранысқа ие болған – соттан тыс банкроттық рәсімі. Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап осы рәсімді қолдану туралы 100 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Бұл рәсімнің «Мақсатты аудиториясына» байланысты. Рәсім банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы 1 600 АЕК-тен аз борыштар бойынша қолданылады. Біз білетіндей, азаматтардың негізгі бөлігі аталған сегменттегі міндеттемелерге ие. Тиісінше, бұл рәсімнің сұранысын туындырады.

– Сіздің ведомствоңыздың құзыреті шеңберінде халықтың шамадан тыс кредиттелуін төмендету бойынша қандай негізгі шараларды атап өтер едіңіз?

– Біздің ведомство – азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы уәкілетті орган. Банкроттық – бұл шамадан тыс кредиттелу мәселесін шешу тетіктерінің бірі ғана. Жалпы, аталған мәселені шешуге кешенді тәсіл қажет. Мемлекеттік кірістер органдары өз құзыреті шегінде Заңның іске асырылуын жүзеге асырады, азаматтардың банкроттық тетіктері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді және банкроттық тетіктерін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Нұрлан ҚОСАЙ

(Басы 1-бетте)

ҚОРҚОРДЫҢ ҚОРЛЫҒЫНАН ҚАЛАЙ ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Елдос СЕНБАЙ

ТЫЙЫМ БАР, ТОСҚАУЫЛ ЖОҚ

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 441-бабына сәйкес, қоғамдық орындарда қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын тұтынғаны үшін жеке тұлғаларға 15 АЕК немесе 2024 жылы 55,4 мың теңге айыппұл салынады.

Бұл құқықбұзушылықты әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаса, айыппұл 20 АЕК-ке немесе 73,8 мың теңгеге дейін өседі. Алайда шағын және орта кәсіпкерлікті жиі тексеруге рұқсат етілмейтіндіктен, бір жылда екі рет ұсталған қорқоршылар жоқтың қасы.

Кальянның орташа құны 3-4 мың теңге, одан да қымбаты табылады. Демек, мұндай пайдасыз өнімге сонша ақшасын шығындаудан «тайсалмайтын» адамға 15 АЕК айыппұл төлей салу еш қиын болмаса керек.

Бұл ретте Әкімшілік кодекске сәйкес, тек қорқор тартушылар ғана жазаланатындықтан, мейрамханалар, дәмханалар, түнгі клубтар, shisha bar және басқасы өздерінде қорқор шегу мүмкіндігін ұсынатынын ашық жарнамалайды. Мысалы, 2GIS қазақстандық әрбір қалада «Кальян ұсынатын мейрамханаларды» және басқа орындарды картадан ашықтан-ашық көрсетіп береді.

Сондықтан биылғы наурызда Денсаулық сақтау министрлігі қорқор ұсынатын қоғамдық тамақтану орындарының иелеріне де айыппұл салу бастамасын көтерді.

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің 110-бабына сәйкес, келесі орындарда: үйлердің кіреберістерінде, сондай-ақ білім беру ұйымдарында, балалар лагерьлерінде, медициналық ұйымдарда, қоғамдық тамақтандыру орындарында, кинотеатрларда, мәдениет нысандарында, спорт ареналарында, жаппай демалуға арналған орындарда, оның ішінде түнгі клубтарда, дискотекаларда, мұражайларда, кітапханаларда, пойыздарда, кемелерде, ұшақтарда, әуежайларда, вокзалдарда, мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жұмыс орындары болып табылатын үй-жайларда және басқасында қорқор тұтынуға тыйым салынды.

Бұл тыйым мүлтіксіз сақталуы үшін осы орындардың өзіне әкімшілік жаза қарастырылғаны жөн. Сондықтан қорқор шегуге рұқсат ететін немесе соны сататын кәсіпкерлердің жауапкершілігін заң жүзінде реттеу мәселесі де пысықталған.

– Заңнамада қоғамдық орындарда кальян тұтынуға тыйым бар. Алайда оларды барларда, мейрамханаларда еркін тұтынатынын бәріміз жақсы білеміз. Осыған байланысты Мәжіліс депутаттарымен бірге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізу мәселесін пысықтап жатырмыз. Оған сәйкес, бір жағынан, тыйымды бұзушы жеке тұлғалар үшін айыппұл сомасын арттыру, екінші жағынан, жаңа нормалар енгізу қарастырылады. Қолданыстағы заңнама тек тұтынушыға ғана шара қолдануды реттейді. Ал өз объектісінде қорқор және темекі өнімдерінің шегілуіне жол беретін рестораторлар, кәсіпкерлер жазадан құтылып кетеді, – дейді Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті директорының орынбасары Гүлнәр Сәрсенбаева.

Сол себепті, сарапшының айтуынша, бизнестің де жауапкершілігін көздейтін заңнамалық түзетулер енгізілуі керек. Бірақ Парламент пен Үкімет одан да қатаң қадам жасау жайын пысықтап жатқан көрінеді.

ҚАТАҢ ТЫЙЫМДЫ ПЫСЫҚТАУҒА КІРІСТІ

Қорқор-кальянды тұтынуға толық тыйым салу мәселесі Үкіметте қаралғанын Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова хабарлады.

Оның айтуынша, қазір Қазақстанда қорқорға арналған темекі мен қорқор қоспаларын сату мен тұтынуды реттейтін нормативтік база қалыптастырылған. Атап айтқанда, Денсаулық кодексінде қоғамдық орындарда бұл өнімдерді тұтынуға тыйым салынған.

Бұл тыйымның орындалуын қадағалайтын уәкілетті орган да бар, ол – Ішкі істер министрлігі. Ол заңнамамен тыйым салынған орындарда адамдардың қорқор тартуына жол бермеуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Бірақ бақылау жүргізуге бірнеше кедергі де бар: біріншіден, үш жылдық мораторий жойылғанымен, кәсіпкерлік нысандарын жиі тексеруге бәрібір рұқсат етілмейді, әрбір тексеруге прокуратураның «батасын» алу керек. Екіншіден, барлық қоғамдық орынды тексеріп жүруге полиция жетіспейді, ІІМ штаты шектеулі. Қылмыспен күрестен бас көтере алмайтын ішкі істер қызметкерлері ұсақ құқықбұзушылықтарға мойын бұра алмай жатады.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, бүгінде Қазақстанда күн сайын 1 млн 114,8 мыңнан астам адамды сыйғыза алатын 15 826 қоғамдық тамақтандыру орны жұмыс істейді. Олардың бәрін полицейлер аралап жүре алмайды.

Сондықтан полиция тексерістер сыртында азаматтардан келіп түскен шағымдарға да ден қояды. Соның өзінде статистика қоғамдық орындарда қорқор тартуға тыйымның жаппай бұзылатынын паш етті: 2023 жылдың қорытындысында, жоғарыда көрсетілген тыйымдарды орындамауға байланысты 18 мыңнан астам құқықбұзушылық анықталған! Оны бұзған қазақстандықтарға шамамен 700 миллион теңге сомасында айыппұл салынды.

Қоғамдық орындарда қорқор тартуға қатысты тыйым мүлдем орындалмайды екен, онда не істеу керек? Денсаулыққа аса зиян, елге түк қажеті жоқ, саламатты ұлттың тамырына балта шабатын бұл өнімге мүлдем тыйым салып тастаған жөн. «AMANAT» партиясының, сондай-ақ Мәжілістегі өзге де партиялар фракцияларының бір топ депутаты осындай бастама көтеріп, Үкіметке шықты.

«Қорқорды бүгінде арнайы көңіл көтеретін, тамақтанатын орындарды қойып, жастар көлікте де пайдаланып жүр. Заң жүзінде тиісті тыйым бар, алайда ол орындалмайды. Кальянның құрамында не бар екені, оған не қосып жатқаны мүлдем белгісіз. Түрлі хошиістендіргіш, масайтатын заттар қосылатыны жасырын емес. Оған гашишті де, алкогольді ішімдіктерді де қосуы әбден мүмкін. Оны қадағалап жатқан ешкім жоқ. Ал халықтың денсаулығын нығайту және саламатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі», – дейді депутат Д.Тұрлыханов.

Парламентшілер Денсаулық сақтау министрлігіне еліміздегі қолданылып жүрген қорқор қоспаларының құрамына, шығаратын түтініне сараптама жасап, оның адам денсаулығына тигізетін зияны бойынша қорытынды әзірлеуді ұсынды.

ҚОРҚОР ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ СОҚТЫРАДЫ

Қорқыныштысы сол, қорқорға жастар да, тіпті оқушылар да құмар. Олар ондағы хош иісті жеміс-жидек қоспаларына қызығады. Шынында, Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, дәл осы қоспалар жоғары температурада химиялық реакция жасап, адам денесінде инсулинді арттырады, диабетке соқтыруы мүмкін. Сондай-ақ өкпе тінін зақымдайтын канцерогендер мен ұшпа альдегидтердің түзілуіне қатысады.

Вице-премьер Тамара Дүйсенова Үкіметте қорқорға мүлдем тыйым салу мәселесін қарастырғанда Денсаулық сақтау министрлігінің зерттеулеріне сүйенетіндерін жеткізді.

Министрліктің дерегінше, жоғары уыттылықтың салдарынан қорқор шегушілерде өкпе обырының пайда болу қаупі 2 есе артады. Қорқордың орташа дозасын шеккеннің өзінде несептегі никотин деңгейі 73 есе, котинин 4 есе, өкпе мен ұйқы безінің қатерлі ісігін тудыруы мүмкін темекі нитрозаминдері 2 есе артады! Сонымен қатар бензол мен акролеиннің ыдырау өнімдерінің мөлшері күрт ұлғаяды.

–Осыған орай Денсаулық сақтау министрлігі Кәсіпкерлік кодекстің 82-бабының 1-тармағына сәйкес, биылғы жылы реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жоспарлап отыр. Соның нәтижелері бойынша қорқордың, кальянға арналған темекі мен қоспаларының айналымына Қазақстанда толық тыйым салуды заңнамалық түрде енгізу мәселесі қаралатын болады. Осы бағыттағы жұмыс жалғасып жатыр, – деді Үкімет басшысының орынбасары Тамара Дүйсенова.

Биыл Парламент пен Үкімет вейптерді шетелден тасуға, өндіруге және сатуға толық тыйым салып, тарихи жеңіске жетті. Осылай өзге елдерге үлгі көрсетті. Енді осы табандылығын қорқорға қатысты қайталай алса, құба-құп.

АРАҚТАН АДА АУЫЛДАР

Ішімдік ішпейтін елді мекендердің саны еліміз бойынша 100-ге жуық көрінеді. Ал Жамбыл облысында 12 ауылдық округ тұрғындары арақты ауызға алмайтын болған. Соның арқасында аталған елді мекендерде төрт жылдың бедерінде бірде-бір қылмыс тіркелмеген екен.

Саятхан САТЫЛҒАН

Иә, «Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі, Не пайда, не залалды біле алмай жүр», – деп Абай жырға қосқандай, арақ ішу абырой әкелмейтінін әркімнің іші біліп отыр. Алайда бүтін бір ауылдың арақтан бас тартуына не түрткі болды? Сондай-ақ аталған елді мекендерде шын мәнінде бірде-бір қылмыс тіркелмеген бе? Қылмыс атаулының болуына сонда шөлмек кінәлі ме?

Төрт жылдан бері бірде-бір қылмыс тіркелмеген ауылдың бірі – Сарысу ауданындағы Жаңаарық ауылдық округі. Округ Ақтоғай және Ұзақбай Сыздықбаев ауылдарынан құралған болса, елді мекенде бүгінде 1 700-ге жуық адам тұрады. Округте жалпы үш дүкен болса, онда ішімдік пен темекі сатылмайды. Тұрғындардың айтуынша, жақында тағы бір дүкен ашылғалы жатыр екен. Ол кәсіпкер де ауыл тұрғындарының бастамасына қолдау білдіріп, алкоголь сатудан бас тартқан.

– Өскелең ұрпақты азғырмау үшін ауыл болып арақтан бас тарту туралы шешім қабылдадық. Нәтижесінде, ауылда отбасылық жанжал азайып, қылмыс саны да бірінші жылы-ақ төмендей түсті. Қазір ауыр немесе орташа қылмыстар былай тұрсын, ұсақ-түйек бұзақылық та болмайды. Жанжалдың бәрі өзара мәмілесу арқылы шешілуде.

Жасыратыны жоқ, бұзақылық та, қылмыс та арақтан бастау алады. Ішімдік жүрген жерде ұрыс-керіс, төбелес, тіпті адам өлімі болып жататын кездер көп.

Біз, міне, осындай оқыс оқиғалардан ада болу үшін арақтан бойымызды аулақ ұстауға бел будық, – дейді ауыл ақсақалы Оңласын Мұқашов.

Сарысу аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Қанат Нарбековтің айтуынша, ауылдардағы ахуал ең бірінші қарияларға байланысты екен.

– «Қартың болса – қазына» деген халықпыз. Ақсақалы бар ауыл азбайды. Жаңаарық ауылдық округіндегі дүкендерде арақ сатпау туралы бастаманы ең бірінші тұрғындардың өздері көтерді. Ауыл ақсақалдары үндеген үндеуге біз де қолдау білдіріп, жұртшылықтың жанынан табылдық. Соның арқасында төрт жылдың ішінде аса ауыр бір қылмыс тіркелген жоқ. Бұрындары отбасылық жанжалдар, ұрлық сияқты қылмыстар болып тұратын. Қазір оның бірде-біреуі жоқ. Тіпті, ұсақ жанжал, ұрыс-керісті ауыл ақсақалдары бізге жеткізбей өздері шешіп отыр. Ынтымағы жарасқан ауыл деген – осы.

Аудан көлемінде «ауылда арақ сатылмаса, тұрғындар сырттан тасып ішетін шығар» деген сөздің айтылып жүргенін естіп жүрміз. Алайда қазір жастардың өздері бастап арақтан бас тарту туралы бастама көтеріп жатыр. Алдағы уақытта тағы бірнеше ауыл «арақ сатылмайтын ауылдар» қатарына қосылады деп күтілуде. Міне, осы жағы қатты қуантуда.

«Көш жүре түзеледі» дейді дана халқымыз. Бұйыртса, алдағы жылдары бүкіл аудан тұрғындары арақтан бас тартады деген ниеттемін, – дейді Қанат Маратұлы.

Иә, арақтан ада, темекіден таза ауылдың болмысы осы. Жаңаарық ауылдық округінің учаскелік инспекторы Сағынғали Саламатовтың өзі Ұзақбай Сыздықбаев ауылында тұрып жатқанына 5 жыл болған. Міне, осы маман «арақсыз ауыл» атану ұсынысын алғашқылардың бірі болып көтеріп, бүгінде елді мекендегі тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде.

– Тұрғындар өте тату, әрі белсенді. Маған барлық жағдайда көмектесуге тырысады. Мен олардың сенімін ақтап, өзімнің күш-жігерімді аямай жұмсауды міндетім деп санаймын. Әрине, ауыл болғаннан кейін әртүрлі жағдай болып тұрады. Алайда кішігірім тұрмыстық даулар болсын оны медиация арқылы шешуге тырысамыз. Ауылдардағы ахуал тұрақты болса да, мен үлкен жауапкершілікті сезінемін. Өйткені біздің қызметіміздің артында ауыл тұрғындарының өмірі мен қауіпсіздігі тұр. Сондықтан күн-түн демей қырағы қызмет етудеміз, – дейді учаскелік инспектор.

Тәртіп сақшысының ұстанымы мен ісі қандай мақтауға да лайық.

Арақтан бас тартқан ауылдың тағы бірі – Қордай ауданындағы Масаншы ауылдық округі. Мұнда бүгінде 20 мыңға жуық адам қоныс тепкен. Округ әкімі Хусейн Буларовтың айтуынша, ол ес білгелі ауылда арақ сатылмайды екен.

– Масаншы ауылдық округінде арақ бұрыннан сатылмайтын. Алайда ресми түрде шешім шығарғанымызға 4 жыл болды. Жасыратыны жоқ, халық болғаннан кейін арагідік ұрыс, ұсақ бұзақылық болып тұрады. Алайда ауыр қылмыстар төрт жылдың ішінде тіркелген емес. Арақ-қа тыйым салынғалы бері отбасылық жанжал, ажырасу деген сияқты дүниелер де азайды. Бізге қарап қазір өзге ауылдар да бой түзеуде. Бірқатары бүгінгі күнге арақ сатудан бас тартып отыр, – дейді округ әкімі.

Округ әкімінің сөзі дәлелсіз емес. Бүгінде Қордай ауданында Еңбек, Күнбатыс-1, Күнбатыс-2 және Сортөбе сынды ауылдарда арақ сатылмайды. Олардың қатары жыл өткен сайын тағы толыға түсуде.

Жамбыл облысындағы 12 ауылдық округтің қайсысына хабарласаң да арық сатуға тыйым болғалы қылмыс та тыйылғанын айтуда. Бәлкім, шын мәнінде қылмыстың көбеюіне осы шөлмек кінәлі шығар.

Жамбыл облысы

ТОЛАССЫЗ ЖАУЫН – ТОСЫН СЫЙЫ ТАБИҒАТТЫҢ

Соңғы уақытта Қазақстанның барлық өңірінде жауын-шашынның мол болып тұрғаны белгілі. Тіпті, ылғалдың мұнша көп болып түсуі кей жағдайда шаруалардың жұмысына кедергі келтіріп те жатқаны шындық. Табиғаттың тосын мінезін «қолдан жаңбыр жауғызу» ісіне бел шеше кірісіп кеткен ғалым Алтай Айнабектен көріп жатқандар да жоқ емес.

Бердібек ҚАБАЙ

Толассыз жауған жауын елімізде ғана емес екені белгілі. Көршілес Ресей мен Қырғыз елі де бұл жаз жауын-шашынға әбден жарыды. Қытайда да сол көрініс.

Ғалымдар жаңбырдың нормадан артық болуы көп жағдайда кері әсерге әкеп соғатынын айтады. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласы ылғалдың шамадан тыс болуына онша төзбейді. Айталық, Қазақстандағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде егіншілік тәуекелдің арқасында ғана тұр. Біздегі шаруалардың басым бөлігі сақтандырусыз егін салады. Тіпті, климаттық болжамдарға бағынбайды да. Соның салдарынан диқандар ауа райындағы өзгерістерге төтеп бере алмай жатады. Түрлі болжамдар бойынша елімізде жауын-шашынды күндер әлі де бола беретін сыңайлы. Бұл туралы мәлімет «Қазгидромет» РМК ұзақмерзімді ауа райы болжамдары туралы ақпаратында жарияланды. Онда «Қазақстан аумағының басым бөлігінде төмен атмосфералық қысыммен жаңбыр, найзағай және екпінді жел күтіледі» делінген. Дегенмен отандық мамандар мен әлемдік деңгейдегі климатологтар соңғы жылдары ауа райын дәл болжап айту мүмкін болмай отырғанын алға тартуда.

Бельгияның Климаттық өзгерістерді болжау орталығының маманы, климатолог Маркус Санчестың айтуынша, климаттың өзгеруіне байланысты ауа райын дәл болжау, оның ішінде ұзақ мерзімге болжам жасау өте қиынға соғып жатыр. Бүгін күн қатты ысып тұрса, ертесіне боран соғып, суытуы жиілеп кеткен.

«Эль-Ниньо, Ла-Нинья фазаларының ауысуына байланысты биылғы жазда ауа температурасында ауытқу көп. Солтүстік Еуропа елдерінде жаз суық, жауын-шашынды болса, Оңтүстік, Батыс Еуропада керісінше ыстық, құрғақшылық болып жатыр. Биыл жазда жауын-шашын алдыңғы жылдарға қарағанда едәуір мол. Жалпы, әлем бойынша атмосферадағы ылғалдылық деңгейі маусым мен тамыз айлары арасында өте жоғары болып тұр. Ал мұның кері әсері бар ма, жоқ па? Ол жағын тап басып айта алмай отырмыз», – дейді Маркус Санчес.

Кейбір болжау агенттіктері көктемгі қарғын судың толассыз болғанына қарап 2024-тің жазын жаңбырлы болады деп болжам жасаған. Десе де, ылғалдың мұнша мол болып кететінін расымен ешкім дәлелдеп тап басып айта алған жоқ. Ауыл шаруашылығы министрлігінің мамандары да шілдеден кейінгі мол жауынның еш пайдасы жоқ екенін айтып отыр. Толассыз жауған жаңбырды Климатты өзгерту технологиялары халықаралық орталығының жетекшісі Алтай Айнабектен бөлек, көктемде тасаттық беріп жауын шақырғандардан да көріп жүргендер баршылық. Дегенмен ауа райындағы мұндай өзгерістер сегіз не он жылда, тіпті кейде 18 жылдан кейін қайталанып отырады екен. Бұл туралы экология саласының маманы Гүлмира Мырзабек айтып отыр.

«Биыл жауын-шашын мол болып кетті. Бұл негізі соңғы 10-12 жылда болмаған жағдай. Халық тарихындағы болжамдарды зерделей келе мен ылғалы мол болатын уақыттың боларын 2 жыл бұрын білдім. Ұлтымыздың дәстүрлі болжамдары мен ғылыми тұжырымдарды сәйкестіруге тырыстым. Менің болжамымша, ылғалдың мол болуы келесі жылы да қайталанады. Бұл біздің экологиямызға ерекше жақсы әсер етеді. Арнасы құрып қалған өзен-көлдер қалпына келеді және орман өрттері мен жердің өздігінен жанып кетуі болмайды. Сақ болатын бір жағдай, күз келе қалың шөптің тұтанып кетпеуін жіті қадағалаған абзал», – дейді ол.

Эколог маманның сөзіне иланса, расымен күзде өрт қауіпсіздігін жіті назарда ұстаған абзал болмақ. Себебі қау шөп күзде кебеді. Кепкен шөптің шоқ тисе «лап» ете қалатыны белгілі. Сондықтан ел халқы мен сала мамандары сақтық шараларына бекем болғаны дұрыс сыңайлы.

Ырым мен нанымның жөні басқа. Ал ғылыми тұрғыда жұмыс жүргізіп жүрген отандық ғалым, «Жасанды жаңбыр жауғызу» технологиясының авторы Алтай Айнабек Араға жасалып жатқан тәжірибе басқа өңірлерге де әсер етуі мүмкін екенін ескерткен. Жаңбырдың Арал маңына мол түсіп жатқаны да рас. Ал ылғал Алтай Айнабектің Clear Sky Manager New Generation деп аталатын жүйесінің нақты әсері ме, жоқ па – ол жағын тап басып айтып отырған ешкімді көрмедік. Әсіресе, құзырлы орындар бірде-бір пікір білдірмеген. Негізінде, Араға бұлт айдап жүрген ғалым өз еңбегінің алғышартын 2021 жылы бастаған. Оның айтуынша, климат технологиялық әсерге бейім.

«Бұл технологиямыздың шыңы емес. Шілде айында әлемдегі және біздегі болжанған қуаңшылыққа қарамастан су қазір көп. ҚР Бас прокурорының мәлімдемесіне сай соңғы 5 жылда 610 000 гектар орман өртенген. Бұл – далалар мен алқаптардағы өрттерді есептемегендегі жағдай. Шүкір деуіміз керек, технологиялық жауынның арқасында қазір апаттан аманбыз. Маусым айы бастала бере деңгейі түсіп қалатын оңтүстіктегі су қоймалары керісінше әлі мол қалпында тұр. Су деңгейі шілде айына қарамай көтеріліп жатыр. Одан бөлек, ыстық толқынды күндердің беті қайтып, адамдардың жұмыс істеуге қабілеті артуда. Бидай өнімінде биыл тарихи рекорд болады деген болжам бар. Атмосферада да оттегі концентрациясы көбейіп, ауа тазаруда», – дейді Алтай Айнабек.

> *Технологиялық жауынның арқасында қазір апаттан аманбыз. Маусым айы бастала бере деңгейі түсіп қалатын оңтүстіктегі су қоймалары керісінше әлі мол қалпында тұр. Су деңгейі шілде айына қарамай көтеріліп жатыр. Одан бөлек, ыстық толқынды күндердің беті қайтып, адамдардың жұмыс істеуге қабілеті артуда. Бидай өнімінде биыл тарихи рекорд болады деген болжам бар.*

Иә, жаңбырдың уақытында жауып, уақытында тоқтауы – егін үшін аса үлкен мүмкіндік. Мұндай жағдайда жоғарыдағы айтылған рекордтық көрсеткіш болуы да ықтимал. Дегенмен мамандардың араласуы маңызды. Жаңбыр жауып жатыр екен деп бидай мен егінді қараусыз қалдыруға болмас. Ал Арал өңіріне орнатылған құрылғылардың тұрғындар денсаулығына әсері турасында сұраған журналист қауымға Алтай Айнабек «еш зияны жоқ» деп қысқа қайырды. Тіпті, еуропалық DeNayer зертханасынан «адам денсаулығына әсері жоқ» деген рұқсатнама да алған екен. Одан бөлек, құрылғыны орнатуға Арал қаласының әкімі Батыржан Ұзақов та рұқсат бергені туралы білдік.

Ғылыми негізде анығын білу үшін ғалымдарға хабарласып, мән-жайды білмекке ұмтылдық. Біз хабарласқан бірнеше ғалым тап басып, мардымды дүние айтпады. Тек халықаралық сарапшы Ерлан Бадашев табиғатқа қол сұғуға болмайтынын алға тартып отыр.

«Өздеріңіз білесіздер, Дубайда жаңа технологиямен жаңбыр жаудырамыз деп табиғат құбылысына қол сұқты. Соның салдарынан құм даланы су басып кетті. Табиғатқа қол сұғуға болмайды. Аралды толтырудың әрекеті бұлайша болмауы керек. Былтыр 2 млрд текше метрден астам су жіберілген. Солтүстік Аралды ұстап тұру үшін 4-5 млрд текше метр су керек», – дейді ол.

Шынымен де сарапшының сөзіне ілануға болады. Аралды толтырамыз деп толассыз жаңбыр жаудыратын болсақ, еліміздің біраз жері топан судан көз ашпай қалуы ықтимал.

Биыл еліміздегі жаңбырдың жиілеуін сарапшы Ерлан Бадашев былайша түсіндірді. Сөзінше, қолдан жаңбыр жауғызу ғылымға қажет емес.

«Біз ғылымды суды үнемдеу технологиясына, суды тазартып қайта қолдану техникасына арнауымыз керек. Дамыған Израиль елі де жаңбырды қолдан жауғызып жатқан жоқ. Олар мен жоғарыда айтып өткен технологияларды пайдаланады. Климатты адам өзгертпеуі керек. Ешқашан табиғат адамзатқа бағынбауы тиіс. Биыл тасқын су да табиғат заңдылығы екенін дәлелдеп берді. Адам табиғатпен үндесуі керек. Климаттың өзгеріп жатқаны – адам ықпалының әсерінен», – дейді ол.

Не дегенмен де биыл жаңбырдың ырысы мол болып тұр. Тақырлар майса жамылды. Ерекше түлеген табиғаттың бұл құбылысына қарап көз тойып, көңіл орнықты. Әсіресе, малшы қауымның екі ұрты майланып отыр. Бұрнағы жылдары осы уақытта елдің батысында жерден қылтан үзіп жеуге қауқарсыз болған түліктің бүйірі шығыңқы. Енді осы мол ырысты шашау шығармай кәдеге жарату ісін ел Үкіметі шегендеп тұрып ұйымдастырса деген тілек біздікі.

ТЕРЕҢ БАТЫРАДЫ, АБАЙЛАУ КЕРЕК...

Биыл шомылу маусымы ашылғалы бері елімізде 87 адам суға кеткен. Ал Атырауда жаз басталғалы алты адам суға кетіп көз жұмды. Тасқынға байланысты Атырауда әлі күнге дейін шомылу маусымы ашылған жоқ. Бірақ аптап ыстықтан суға түсіп қана қорғанғысы келгендер мамандардың ескертуіне құлақ асар емес.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Атырау облысы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы, майор Бақыт Аблановтың айтуынша, тасқын қаупі сейілгенімен, судың қаупі сейілген жоқ.

«Біз тұрғындардан шектеу шараларына түсініспікпен қарауды сұраймыз. Олар азаматтардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданды. Жыл басынан бері аймақта алты адам суға батып кетті, олардың бірі – кәмелетке толмаған жас бала. Статистикаға сәйкес, судағы жазатайым оқиғалардың 95 пайызы мас күйінде шомылу, өз әлін білмеу, балалардың еркелігі салдарынан болады, – деді Бақыт Абланов.

Жазатайым суға кеткен жасөспірім – Индер ауданы Көктоғай ауылының тумасы. Небары 13 жастағы жасөспірім қызық қуып, суға түсіп жүріп, көз жұмды. Марқұмның денесі араға үш күн салып табылды. Қайғылы оқиға 5 шілде күні орын алған.

«Көктоғай ауылында Жайық өзенінің тереңдігі 16 метр, ені 200 метр ТЖД күштері мен жеке құрамның 10 құтқарушысы 2 арнайы техника мен 2 жүзу құралының көмегімен іздестіру басталғаннан бері үш тәулікке баланың денесі табылды», – деді майор Бақыт Абланов.

Осыған ұқсас қайғылы оқиға 2 маусым күні Жылыой ауданының Құлсары қаласында да болған еді. 36 жастағы ер адам балық аулап отырып, суға кетіп қалды. Атырау облысы Төтенше жағдайлар департаментінен білгеніміздей, ер адам достарымен балық аулау кезінде суға батып кеткен. Сот-медициналық сараптама тағайындалды. Марқұмның денесін 2 маусымда атыраулық құтқарушылар Құлсарыдан 20 шақырым қашықтықта Жем өзенінің жайылмасынан шығарды.

Мамандар қайғылы оқиғалардың дені – қауіпті жерлерде суға түсу, суға түсу ережесін сақтамау және ішімдік ішіп, тыйым салынған жерлерде шомылу салдарынан болып жатқанын айтуда.

«Облыста шомылу үшін қауіпті 70 орын бар, оның 17-сі – Атырау қаласында, 10-ы – Индер қаласында, 19-ы – Махамбетте, екеуі – Құрманғазыда, жетеуі – Жылыойда, 15-і – Қызылқоға аудандарында орналасқан. Мұнда 238 тыйым салу белгілері мен тоғыз ақпараттық стенд орнатылған. Арнайы рейдтер жүргізіліп, жағалауда жүрген, суға түсіп жатқан адамдарға ескертулер де беріп жүрміз. Бірақ азаматтар шомылу маусымының не себепті ашылмай отырғандығын, ашық су айдындарында тасқыннан кейін суға түсудің қаупі жоғары екенін сезіне бермейді», – дейді Б.Абланов.

Шыны керек, тасқын қаупі сейілгенімен, өзен бойында қауіп көп деп тектен-текке айтып отырғанымыз жоқ. Себебі арнайы мамандар Жайықтың өзінен күніне 5-6 тонна қалдық шығарып отыр. Мәселен, Атырау арнайы автобаза қызметкерлері күннің ыстығына, буып тұрған масаға қарамастан, «Арнайы автобаза» қызметкерлері таңмен таласа Жайықты қалдықтардан тазартуда.

Төтенше жағдай басталғалы Батыс өңірден Жайықты бойлап келген терек, қатты тұрмыстық қалдықтар өзен табанында өте көп. Арнайы автобаза қызметкерлері, ТЖД, Балық шаруашылығы мамандары бірігіп, қайықпен Жайық ортасындағы қалдықтарды жағаға тасымалдап жатыр. Жағаға жиналған томарларды кесіп, ықшамдап, манипулятор көлігінің көмегімен күніне 5-6 тонна қалдық шығарылады.

Айта кету керек, қатты тұрмыстық заттарды жинайтын көлікпен күніне өзен 5 мәрте тазаланса да, тасқын сумен ағып келген қалдықтар әлі де азаяр емес.

Ашық өзендегі қауіпті былай қойғанда, биылғы жаз Атырау үшін қайғылы оқиғаларымен есте қалуда. Жақында ғана Атырауда облыстағы ең ірі әрі олимпиадалық стандарттарға сай жасақталған орталық «Мұнайшы» бассейнінде кішкентай қыз бала суға батып кетті. Қайғылы жағдай бассейнде шомылып жүрген адамдардың көз алдында болған.

Атырауды дүр сілкіндірген қайғылы оқиға әлі күнге дейін қоғамның талқысына түсіп жатыр. Белгілі болғанындай, медициналық сараптама жүзу кезінде 10 жасар мектеп оқушысының өліміне жүректің тоқтауы себеп болғанын анықтады.

«Мұнайшы» орталық жүзу бассейні су спорты клубы директорының орынбасары Ернұр Қойлиевтің айтуынша, сол қайғылы күні қыз бала спорт кешеніне туыстарымен бірге келген. Туыстарының арасында екі ересек адам және тағы бір кәмелетке толмаған бала болған. Оның айтуынша, бастапқыда жасөспірімдер балаларға арналған бассейнде жүзіп, біраз уақыттан кейін үлкендердің артынан ересектерге арналған бассейнге барған.

«Бассейнде құтқарушылар бар, бірақ ішкі бекітілген тәртіпке сәйкес, олар ересектермен бірге келген балаларды үнемі қадағаламайды. Марқұм болған кішкентай қыз бала ересек туысы душқа кеткен сәтте, бассейнде қалған. Жүзіп жүрген тақтаны абайсызда қолынан жіберіп алған. Дәл осы сәтте әпкесі екінші балаға аландап қалған. Кейін қыз баланы судан өзі алып шыққан. Қайғылы оқиға небары 10 секундтың ішінде орын болды. Қыз балаға шұғыл медициналық көмек көрсетуге тырыстық, бірақ жасанды жолмен тыныстандыру мүмкін болмады. Себебі баланың иегі қарысып қалған еді. Медициналық пунктте де медбике көмек көрсете алмады. Жедел жәрдем баланың көз жұмғанын анықтады», – деді «Мұнайшы» орталық жүзу бассейні су спорты клубы директорының орынбасары Ернұр Қойлиев.

Спикердің айтуынша, сот-медициналық сараптама нәтижелері қыз баланың өкпесінен су таппаған. Баланың өліміне жүректің тоқтауы себеп болған.

«Біздің спорт кешенімізде мұндай қайғылы оқиға алғаш рет болып отыр. Өте өкінішті жағдай. Біз қыз баланың отбасына барлық қажетті көмекті көрсетудеміз және тергеу процесіне де атсалысып отырмыз. Қазіргі уақытта бассейн уақытша жабық тұр», – деді Е. Қойлиев.

Қалай десек те, судан келетін қауіп кез келген жағдайда сақтық шараларына мән беру керектігін көрсетіп отыр. Айтпақшы, дырдай орталық бассейнде болған қайғылы жағдайға байланысты Атырау облысы Полиция департаменті қылмыстық іс қозғап жатыр.

Жаз айлары Атырау үшін осындай адам өліміне әкеліп жатқан қайғылы оқиғалармен тізбектеліп жатыр.

АЛТАЙ ЖЫРШЫСЫ

Қазақ әдебиетінде өзіне лайық орнын ойып алған Асқар Алтай шығармашылығы көзі қарақты, ойлы оқырманның көз алдында. Жазушының қай шығармасын алсақ та, Алтайдың өткен тарихын, бүгінгі кескін-келбетін, бітім-болмысын, яғни шежіресін толғайды. Алтайдың Марқакөл, Қатонқарағай, Күршім өңірлерін жақсы білетіні көрініп тұр. Әңгіме, хикаяттарын айтпағанда «Алтай балладасы» («Алтайдың алқызыл модағайы») роман-мифі, «Туажат» («Тамұққа түскен сәуле») роман-модерні, «Сират» («Алтай сагасы») романын ұсынған жазушының «Былғары табыт» («Марқа сұлу симфониясы») атты жаңа романы жарық көре салысымен, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Айман Ментебаеваның «Былғары табыт» – рух жыры» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» апталығына, (№5, 10.02.2023) жарияланып, көп ұзамай белгілі жазушы, әдебиеттанушы Жүсіпбек Қорғасбек жүргізіп келе жатқан «Абай» телеарнасындағы «Үркер» бағдарламасында екі бірдей ғалым Алуа Таңжарыққызы мен Әсем Нұрмұқанның және автор Асқар Алтайдың қатысуымен жан-жақты талқыланып, елді елең еткізді.

«Былғары табыт» романын таяуда оқып шықтым. «Адамның жанын қойма ақтарғандай қопармаған соң жазушылықтың мәні жоқ» демекші (М.Әуезов), аталмыш туынды төгілген тіл, жорғадай жүрдектігімен баурап алды. Жазушының тілдік қоры мол. Көнерген сөздерді тірілту, жергілікті халық тіліндегі тосын оралымдар романдағы ұзақ баяндаулар үшін көркем тілдің әр салалы, этномәдени, танымдық қызметіне елеулі үлес қосады. Роман жан дүниемді астан-кестен етті. Бірігіп оқылық.

«Марқа сұлу мәрмәрінен қашалған...

Құйрық-жалсыз жалқы кісі. Талыстай қызыл табан, тырнадай сидаң сирақ. Шыбын жаны тірі, семген тәні сірі. Бағзы бітік жыры тектес тағдырлы.

Мың жылға татыр заманды ғұмыр кешіпті... Замани екен.

Таң қараңғысы жауар қансонар дүние кезіпті... Кезбе екен.

Жалған сөз жадын жаттай жаулапты... Жады екен.

Ол – жапан түз бен жаһан таулар қоршаған мұзарт мекеннің тұрғыны. Алтайдың ақшаңқан биіктері мұнартқан дүниеде ғұмыр кешіп келеді. «Замани Толы – Жады Толик – Кезбе Толу» деген лақап атқа санасы сүрленіп кеткен. Азан шақырып қойған Толғанбай есімі тасбақа сауытындай лақап жамылғалы да қыруар уақыт жылжыды.

Небір бұлан-талан заман бұрқ-сарқ етті...

Бүгін де барыс сұлбалы Бөкенбай тауы төріне – Ақсөңке сайына бақсыдай аруақ шақыруға атанған. Өткен қоңыр күзден бері Қыранжартас үңгіріне жиналған адам бассүйегін түгендеуге аяқ басып тұрғаны осы... Қасында он үш жасар қалақтай бала. Ол да тілсіз. Мақау.

Мақау бала да мынау мұхиттай дөңбекшіген дүниеден мақұрым секілді. Аты – Отан. Ерсе – желмаядай Кезбе Толуға ғана ереді... Дүрмек дүниені де Замани Толымен жас танымы ашыла түсіп таниды... Әйтеуір, ерте кезден ес-ақылын жат жұрт жадылаған Жады Толик қасында желаяқтай желеді.

Түздің түсі суық Қыранжартасына да онымен қосамжарласа табан тірейді. Жартас қойнауына сәнді жиһаздай жиналған адам баласының бассүйегінен бала жаны жатсына шіміркенеді...»

Алғашқы беттен бастап қадау-қадау астарлы ой, үлкен жүк көтерген романның салмағын сезінгендеймін.

Мұнда Толғанбай мен бала Отан басты кейіпкер. Одан өзге де жанама кейіпкерлер – Сұңғат, Дулат, Ғазиз, белгілі ғалым Мағдан Жұрағатұлы мен Аршын сұлу бар. Бұларды да өз деңгейінде бас кейіпкерлер деуге болады.

Отан мен Толғанбай өткен замандарға неге барады? Толғанбай тағдыры – бүгінгі күнгі бала Отанның тағдыры сияқты. Толғанбай, бір жағынан өлі аруақ, бір жағынан тірі адам секілді. Толғанбай – жүз жастан асқан адам. Қилы тағдыры бұлтарыс-бұралаңы көп оқиғаларға толы. Кешегі Совет кезеңінде орысқа қызмет етті. Шекара асуға бел байлаған жерлестерін арналы сайға алып келіп, қызыл империяның жасағымен бірге қазақты қыруға тікелей қатысты. Әкесін аштыққа ұрындырды! Сол күнәлі ісіне өкіне ме, енді кеп шейіт кеткендердің бассүйектерін қорғап әлек. Бұл – адамның екіге жарылуы, болмаса құбылуы. Осы тұста әйгілі Франц Кафканың «Құбылу» новелласы есіме түсіп отыр. Онда Грегор Гамза өз отбасы – әке-шешесі мен қарындасының, Грегорға табыс табушы деп қарағаны үшін, материалдық дүниеден өзге ештеңе ойламайтынын жеріне жеткізе суреттеді. Ал «Былғары табыт» романындағы Толғанбайдың әрекеті – өткенге

> *Сонау ұлы замандардан бері қазақтың рухы мен жады үзілмеген, өз тарихымызды уақытша ғана ұмытып, естен шығарып отыратын елміз. Іргелес, көрші – орыстың, қытайдың зорлық-зомбылығын ұмытып қалғанымызбен (зорлап ұмыттырғанымен), ұлттың тегі, жады, қаны ерте ме, кеш пе қайтадан серіппедей серпіліп, сарт етіп оянады!*

Толғанбай мен бала Отан бассүйектерді не үшін күзетіп жүр? Кезінде бес жүзден астам бас еді. Шейіт кеткендеріне жүз жылға жуық уақыт болғаннан, біразын ит-құс сүйреп жоғалтқан. Қазіргісі үш жүздей ғана бас...

Қасына өзінен отыз жас кіші «эскорт» әйелі Аршын сұлуды ертіп, ғалым Мағдан Жұрағатұлы Алтайдағы «Былғары табыт» елді мекеніне Алтын адам іздеуге, ғылыми экспедицияға келе жатыр. Әлемге сенсация жасамақ! Алтайды жер-жаһанға танытпақ!

Астанадан ұшақпен жеткен қонақтарды Өскеменде профессордың дарынды докторанты Дулат асыға күтіп алған соң әуежайда жарты сағаттай ғана аялдап, қиырдағы Зайсан қаласына ұшқан.

Сонымен, соншама дайындалған ғылыми экспедиция – Былғары табыт қорымын қазу жұмыстары басталып кетті. Толғанбай мен бала Отан бас сүйектер сақталған ескі қорымды қазуға барынша қарсылық көрсетіп бағады. Бірақ оларды ешкім тыңдамайды.

Тағдыр-талайлары аса күрделі, тылсымға толы Толғанбай мен бала Отан екеуінің тыныс-тіршілігі жанама кейіпкерлермен бірге жүріп отырады. Реалды өмірдегі жоғарыдағы екеудің іс-әрекеті адам сенбейтін фантастикалық жағдайға барады. Сақ заманына біресе бала Отан, біресе Толғанбайдың баруы ғажап. Бала Отанның бойында ерекше қасиет бар. Қараңыз: *«...Текшеленіп сөреленген бастың бірін ұстай берген бала тап құлақ түбінен шыққан зарлы дауыс тербелісінен санасы селк етіп, қолындағы кесек сүйек аяқ астына дүрс ете түсті. Көкмайса үстіне құлаған қу бас еш ауырсынған жоқ. Тұк болмағандай домалап, «дың» етіп дыбыс шығармай, «шың» етіп шыңғырмай үнсіз қалды. Мақау бала ғана қу бастың шыңғыра құлағанын, ауырсына ыңқылдағанын сана саумалымен естіді... Басынан бақайшағына дейін жүгірген жұлын-тұта толқынымен сезінді. Бір кезде оқ тескен бейтаныс бассүйектің дыңылдаған, зыңылдаған нәзік толқыны саумал санасын сілкінтті.*

Селк етті тарамыс тәні... солқ етті ет жүрегі!..» (9-10 бет).

опынудан, өзін-өзі жерден алып, жерге соғудан туған өксік, өкініш!..

Адам рухы өлмейді ғой! Қабірді қазып жатқан кезде жоғарыдан бір жарық сәуле түседі де, арғы дүниеге өтіп кетеді бала. Толғанбайдың бала Отан секілді ана дүниеге баруы, Ұлы Сақ заманына кетіп қалуы ғажап! Және осыдан соң Толғанбай тірлігінде үлкен бетбұрыс басталады. Толғанбай мен бала Отан – бір-біріне рухтас адамдар.

Жазушы Асқар Алтайдың айтып отырғаны: қазақ – өткен замандарда ұлы оқиғаларды бастан кешкен халық. *Сонау ұлы замандардан бері қазақтың рухы мен жады үзілмеген, өз тарихымызды уақытша ғана ұмытып, естен шығарып отыратын елміз. Іргелес, көрші – орыстың, қытайдың зорлық-зомбылығын ұмытып қалғанымызбен (зорлап ұмыттырғанымен), ұлттың тегі, жады, қаны ерте ме, кеш пе қайтадан серіппедей серпіліп, сарт етіп оянады!* Ұлт өткен замандарға бейсаналық тұрғыда өзінің түпкі санасына оралып, Феникс құс секілді, қайыра-қайыра тіріліп отырады. Әйгілі ақын Жұбан Молдағалиевтің «мың өліп, мың тірілген» қазақ деп отырғаны тегін емес!..

Аласапыранға толы арғы замандарды айтпағанның өзінде, кешегі 1916 жылғы көтерілістің небір сұмдығын, орыстың зорлық-зомбылығын, қалмақтың қорлығын көрген, 1930-жылдардағы ашаршылық пен 1937-1938 жылғы зұлматты, одан кейінгі 1941-1945 жылғы қу соғыстың зардабын бастан өткерген қазақ, қандай қоғам болса да, ұлттың, адамның тегі өзгермейді!

Қазір біз сонау Сақ заманынан келе жатқан көшпенді, көшпелі рухымызды жоғалтқан ұлтпыз. Рухын қайыра жаңғырту арқылы Толғанбайдың өткен дүниелерге баруы тегін емес! Бала Отан дегеніміз – жаңа, жас Қазақстан!

Қазақ өткенін ұмытып қалды дейміз! Олай емес! Ұмытқан жоқ! Ұмытпайды да! Баяғы заманардағы көшпелі, көшпенді ерлік шерулерін, тіпті Еділ (Аттила) кезіндегі оқиғалар жадымыздан өшірілген жоқ! Қанымыз, тегіміз арқылы қайыра оянып, жаңғырып, сілкініп отырады!

Асқар Алтай бала Отанды сондай тұрғыда кескіндеп отыр. Отанның өткен замандарға барып отыратын себебі сол! Бұны ашық публицистикалық тұрғыда жазуға келмейді. Оны танып, түсіну үшін білім, білік керек! Романды жіліншіктеп, әдеби тұрғыдан зерттеуге, Белинский айтқандай, талдап-таразылайтын білімді, білікті, өресі биік сыншы керек! Жазушы көтерген, айтқан астарлы ойға терең бойлаған ләзім!

Қазақ – сонау заманнан келе жатқан ел! «Шыңғыс хан – біздің бабамыз» деп публицистикалық мақалалар жарияланып жатыр. Оған бірер нақты мысал! Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде атағы шыққан, батыр, ержүрек Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевты ғана алайық. Өзі жетім болған қазақ Рахымжан Қошқарбаевқа, Рейхстагқа ту тігетіндей рух, жігер, қайдан келген? Оны, Алла Тағаланың қалауымен, сонау Сақ заманынан үзілмей келе жатқан ҰЛЫ РУХ алып барған! Рахымжанның қасындағы Булатов та түркітілдес туыс – татар. Неге жүздеген миллион орыстың ішінен бір адам барып Рейхстагқа ту тікпеген? Неге?!

Қазақтың ерлігі, рухы, тегі біздің тағдырымыздан кетпейді! Қазақ рухында ұлттық код сонау Сақ заманынан бері келе жатыр! Сол рух, кешегі, 2022 жылғы Алматыда болған қаңтар қырғынында Тәуелсіз Қазақстанның көк Туын аланда көтерген жалғыз қазақ жігітінің ерлігінен көрініс тапты! Әлгі жігіттің еш қорықпай алаңға жападан-жалғыз шығуы, сонау Сақ заманынынан үзілмей келе жатқан қазақтың ерлік рухы!

А.Алтайдың Сақ, Ғұн заманына бару себебі – содан!

Қазір жан-жақтан анталаған дұшпандарымыз, бізді білдірмей ғана «былғары табыттың» ішіне салып отыр. Тегіс қоршаудамыз. Өршіл қазақ рухы «былғары табыттан» шыға алмай аласұрып жүр. Біз жатжады бойынша, өзгенің таңған тарихымен, жолымен, нұсқауымен келе жатырмыз! Неге біз орысшылмыз? Неге біз орыс тілінде сөйлейміз? Неге біз өзіміздің рухымыздан айырылып қалдық? Бүгежекпіз! Әлсізбіз! Қорқақпыз! Қытайдағы қазақтар да қытай тілінде сөйлейді.

Мақау бала Отанның бір сәтте ұшуы миф-аңыз болғанымен, ар жағында шындық бар. Бала Отан өз киялында ұшады! Ол оның киялы! Асқаралы арманы! Мылқау бала айтарын айта алмайды, сол үшін киялында ұшады. Әдебиетте ондай форма бар. Бұл – көркем әдебиеттегі шарттылық.

Бір түстің жалғасын екінші біреудің (негізінен туыстар арасында болады) көруі шынайы өмірде болуы мүмкін. Баланың түсін әкесі жалғастырады, әкесінің түсін баласы жалғастырады. Бұл – Жаратушыға ғана аян, тылсым дүние. Жазушы Дулат Исабековтің «Дермене» повесінде жалғас түс көру, бала мен немере арасында бар. «Былғары табытта» әке баланың анасы туралы көрген түсін жалғастырып отыр.

Ауылда талантты, текті азамат көп. Әнші Ғазизді алайық. Дулаттың ағасы сияқты. Оларға бірақ жол жоқ.

Өтірік академиктер, өтірік ғалымдар... Бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары ғылым кандидаттары мен докторларын қолдан қорғатты. Атақ-даңқты жақсы көретін кейбір дилетант ғалымсымақтар әлі де бар. Бұл масқара! Бұлай жалғаса берсе не болмақ?!.

Мағдан – білімді, білікті, мықты профессор. Оны Аршын сияқты арсыз, ұятсыз әйел пайдаланып жүр. Жас келіншектің арманы – доктор болу... Мағдан – нәпсінің құлы. Сұлу, жас келіншекке үйленіп, сонымен тұрғанға мәз. Былайша айтқанда, «тұлыпқа мөңіреген сиыр». Аршынның қызығын өзгелер көруде. Аршын өзіне ұнаған еркектермен ойнап-күлуге бейіл. Оған әнші Ғазиз екеуі арасындағы, қайық үстіндегі әрекеті, егерь Темір мен полицай Парыз арасындағы «махаббат ойындары» мысал...

Әсілі Мағдан Жұрағатұлы жаман адам емес. Кісілігі мол, жүрегі таза, ақкөңіл болғасын ба, сұлу Аршынның құлығына дәйім сеніп қалады...

Ақылды адамның жолға аттанарда берген батасы қандай!

«... – Аға, – деп Сұңғат әңгімеге кілікті. – Аттанайық! Қалған әңгіме жолда. Ұшақ дайын. Бата, аға!

Айнала алақандары жайысты.

– Атақоныс Алтай аман, жұрт тыныш болсын! Қасындағы Қытай жерімізге көз аласартпасын, жаға жыртыспасын! Беймәлім «Былғары табыт» ашылсын, ішінен інжу-маржан шашылсын! Марқа сұлуға сұқ көз сұқтанбасын, Аршын жарға серілер оқтанбасын! Әмин!..» (24-бет).

Ақыры былғары табыт басында, бассүйектер сақталған сайда ғаламат археологиялық қазба жұмыстары басталып кетті. Ауданнан келген имам Құран оқыды. Қаптаған адам, тізілген техника не қойсын? Қабір қазылып жатқан кезде кенеттен ала-шарбы, қою, қап-қара бұлттар пайда болды да, ағыл-тегіл жаңбыр құйды келіп. Жер сілкініп, дамбы жарылып, алапат апат келді!.. Кенересінен асқан тасқын жолдағыларды жапа-тармағай ағызып, селдің астында қалды айнала-төңірек. Профессор Мағдан Жұрағатұлы комаға түсті...

«...Сұңғат інісі Дулатпен сөйлесіп тұр еді.

– Ғазиз осында... Иә! Аршын келген жоқ. Полицай Парыз да жоғалған ба? Мүмкін емес. «Тәж жоғалған!..» Қалайша? Жер сілкінісінен шошынған шығар. Содан бір жерді паналап қалмап па? Ауылды қараңдар! «Елдің есі шығып жатыр» ...Иә, сабыр сақтаңдар!..» (222-бет)

«...Егер сендерге әлдеқандай тауқымет түссе, бәрі өздерің жасаған күнәлеріннің сазайы...» – дейді қасиетті Құран-Кәрімнің «Шура» сүресінің 30-аятында.

Бұл – Алланың жазасы!

Археологиялық экспедицияның жоспарлаған, қазба жұмысы болса да, сонау заманнан бері тыныш жатқан аруақтардың қабірін күнірентіп, астан-кестенін шығару атаққұмар адамдардан өзге кімге керек? Неге керек?!

Кейіннен, сел жаңбыр басылған кезде Аршын сұлу табылды. Полицай Парыз «Жип» машинасымен құлап жан тапсырыпты.

Мына ғажапқа қараңыз! Тасқын кезінде бала Отанның тілі шығып, сөйлеп қоя берді. Ол Ғазиздің баласы болып шықты. Сол елгезек бала құзар шыңның басына шығып, алтын тәжді алып келгенше әкесі Ғазиз Аллаға жалбарынып, ұлының аман-есен оралуын тілеп тұрды...

Инсульт алып, қол арбада отырса да, қолына тиген алтын тәжді ұстаған Мағдан Жұрағатұлы ұшаққа отырып, Астанаға жол тартты.

«...Көндей құрысқан құла қоғам да қалпына келер...

Сеңдей сірескен жат ой да, жат сөз де жадтан өшер...

.....

Қоңыр пілдей зор бітіміне де рух толар бұл елдің!..

Қара тастай құр қаңқасына да шыр бітер бұл елдің!..

Кісі ұлы адаспас!..» – деп аяқталады роман.

Жақсы сөз – жарым ырыс!..

Айтар ойы тереңде жатқан, оқиғалары қат-қабат, қадау-қадау, кең тынысты «Былғары табыт» романын бір мақалада түпкіштеп, жіліншіктеп саралап-талдау мүмкін емес.

Ең бастысы – қазақ әдебиетіне үлкен олжа салған, сүбелі роман келді!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, белгілі жазушы Асқар Алтайдың «Былғары табыт» атты романы ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына әбден лайық деп бағалаймыз.

Толымбек ӘБДІРАЙЫМ,
жазушы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ЖӘДІГЕРЛЕР

Тарихы ғасырларға тартқан Сарыарқаның сайын даласынан мыңдаған көне жәдігер табылуда. Жақында Қарағанды археологтары сақ дәуіріндегі құнды қазанды тауып алды. Бір қызығы, қазан бөлек көмілген.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Археологтар Шет ауданындағы Талды тарихи-археологиялық паркінің аумағындағы қорғандардың бірін қазу кезінде біздің заманымызға дейінгі 2,5 мың жыл бұрынғы дәуірге жататын бірегей жәдігер тапқан болатын. Олар іші ат әбзелдеріне толған қазанды зерттеу көптеген құнды мәлімет беретініне сенімді. Иілген үш аяқты, мыстан құйылған жәдігер – Орталық Қазақстан өңірінен табылған алғашқы қазан. Ол хан ордасынан 200 метр қашықтықта, қорғандардың ішінде емес, бөлек көмілген екен.

Мұндай қазандар көбіне Жетісу өңірінен табылатын. Археологтардың айтуынша, бұл – сақ дәуірінде орталық пен оңтүстік елі арасында тығыз байланыс болғанының дәлелі. Енді оның сыртындағы күйеден де ақпарат алу қажет. Толық зерттеу үшін қазан радиокөміртекті анализ жасайтын Польша, Литва, Ирландия, Румыния, Венгрияға жіберілуі мүмкін.

– Қазіргі ғылым талаптары жоғары ғой. Бірден бәрін жұлып алмай, рентгенге түсірдік, КТА-дан өткіздік. Зерттеу кейінгі технологияны пайдаланып жүргізіледі. Мұның ішінен біраз құнды қызық дүние табылады деп есептейміз, – дейді «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» КММ директоры Түлкібай Төлеуов.

Айта кетсек, Талды қазанының салмағы – 25 келі, диаметрі – 41 сантиметр, биіктігі – 34 сантиметр. Бұл Талды саябағынан табылған жалғыз олжа емес. Басқа обадан пышақтар, қанжарлар, тас жебелердің ұштары және басқа да ежелгі тұрмыстық заттар табылып отыр.

Қазба жұмыстарына қарағандылық ғалымдар мен Е.Бөкетов атындағы ҚарУ 120-дан астам студенті қатысады. Темір қанжар және рәсімдерге арналған ыдыс – археологтардың тағы бір олжасы.

Байқасқа қорымында үш қорған зерттелді. Тарихшылар бұл қорғандар белгілі бір ережемен салынғанын анықтады. Бұл – бірнеше мың жыл бойы қорғандардың пішінін сақтауға мүмкіндік беретін белгілі бір құрылыс әдістері. Темір қанжар да осы жерден табылды.

– Бұл өте қызықты, өйткені темір топырақта қалып қойса, нашар сақталады. Бұл жерде жағдай оңтайлы болған сияқты. Бұл қанжар – скиф-сақ триадасына кіретін пышақ қаруы. Біздің дәуірімізге дейінгі III–II ғасырлардағы қанжар, сақ дәуірінен ғұн-сармат кезеңіне өту уақытына жатады. Акинактың ыңғайлы тұтқасы, түзу крест, қисық шыңы және қан ағызатын ойығы бар, – дейді «Археологиялық зерттеулер» ЖШС директоры Ерлан Әміров.

Қорғандарды зерттеу арқылы ғалымдар ежелгі жерлеу рәсімдерін қадағалай алады. Ерлан Әміровтың айтуынша, табылған заттар әлеуметтік стратификацияны да көрсетеді. Шағын, орта және үлкен қорғандар табылды. Олардың биіктігі қайтыс болған адамның материалдық байлығын немесе әлеуметтік мәртебесін білдіреді деп болжануда.

Сондай-ақ салттық мақсаттарға қажетті керамикалық ыдыс табылды. Мұндай қорытынды оның орналасуына байланысты жасалады. Ыдыс бетіне орнатылып, оның үстіне қорған тұрғызылған.

Археологтар Аққезен қорымында жалғасы бар қорымды зерттеуді жалғастыруда. Бұл құрылым бас қорғаннан және шығысқа қарай екі доғалы тастан жасалған екі серіктес қорғаннан тұрады. Олар кішкентай тас үйінділермен аяқталады.

Ғалымдардың бірнеше ұрпағы бұл құрылымдарды кім, не үшін және қашан салғаны туралы құпияны ашу үшін зерттеу жүргізуде. Бұл Орталық Қазақстан аумағында өмір сүрген белгілі бір халық деген негізгі пікір бар. Оларда жерлеу үйінділерін ескілеріне бекіту дәстүрі болғанға ұқсайды.

– Талдыда ғұн – сармат дәуірінің ескерткіштері (б.з.д. III ғасырдан б.з.д. III ғасырға дейін) ежелгі сақ қорғандарына байланған деп есептейміз, – дейді Еран Әміров. – Біз бұл гипотезаны қазба жұмыстары барысында жүйелі түрде растаймыз. Қосалқы қорғандарда жерлеу сирек кездеседі. Біз қола қазандық пен темір найза ұшын таптық.

Талды саябағында қазба жұмыстары жалғасуда. Тарихи ескерткіштерге бай Қарағанды даласы ғалымдармен тағы қандай құпияларды бөлісетінін кім біледі.

Қарағанды облысы

КЕНЕДЕН КЕЛЕР КЕСІР КӨП

Жаз шыға адамды шақса біраз әбігерге салатын зиянкестермен күресу шаралары күшейеді. Соның ішінде кенеден келетін кесірдің алдын алу бағытында сан алуан шаралар атқарылады. Бірақ Сыр өңірінде бұл зиянкестің қаупі сейілмей тұр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

ҚАУІП ОШАҒЫ КӨБЕЙІП БАРАДЫ

Бұл жәндіктің төрт түлік малмен қоса адам өміріне де қауіпті екені ертеден мәлім. Әсіресе, кенеден келетін Конго-Қырым қанды безгегі індетінің зардабы азаяр емес. Соның ішінде жаз айларында бұл аурудың қаупі күшейеді.

Биыл да дәл осы дерттен Қызылорда өңірінде бір адам өлімі тіркелгені жария болды. Нақты айтқанда, Қызылорда облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы Шиелі ауданының егде тартқан тұрғыны осы дерттен көз жұмғанын мәлімдеді.

«Кене шаққан кез келген адам дер уақытында дәрігерге қаралып, алдын алу шарасын жүргізуі тиіс. Бірақ тұрғындар көп жағдайда олай істемейді. Өз бетінше үйде емделемін деп уақыт жоғалтып алады. Бұл кісіде дәл сондай жағдай болған. Ақыр соңында қайғылы жайтқа соқтырды», – деп түсіндірді бұл жайында басқарма басшысы Марат Құрманбаев.

Негізінен, жыл басынан бері өңірде Конго-Қырым гемморагиялық безгегін жұқтырды деген күдікпен 14 адам ауруханаға жатқызылған. Оның жетеуінде диагноз расталған. Күдікке ілінгендер қатарында ересек адамдармен қоса балалар да бар. Бүгінде бәрі де тиісті ем алып, үйлерінде қайтарылған.

Ең қиыны, жыл өткен сайын облыс аумағында індет тасымалдайтын кенелер ошағының көбейіп бара жатқаны аңғарылады. Цифрды сөйлетсек, былтыр осындай елді мекендер саны 106 болса, биыл 115-ке жетіпті. Басқарма осылай деп мәлімдеп отыр.

АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ НӘТИЖЕЛІ МЕ?

Жалпы, қай кезде де Қызылорда облысы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошағы саналады. Соған орай жыл сайын күн жылынғаннан зиянкеспен күрес шарасы өңірде қатаң түрде атқарылады. Қауіпті деп танылған аймақтарға залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі. Осылайша, кенеден келетін кеселді ауыздықтау бағытында жоспарлы жұмыстар жасалады. Бірақ нәтиже қандай? Осы төңірегінде Қызылорда облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінен сұрап көрдік.

«2024 жылы бұл аса қауіпті ауру бойынша облыста 115 елді мекен қолайсыз болып белгіленді. Осыған орай кенеге қарсы көктемгі өңдеу жұмыстары жоспарлы түрде 2 кезеңмен облысымыздың барлық аудандары мен Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерде жүргізілді. Жыл басынан бері облыс бойынша Конго-Қырым геморрагиялық қызбасына 14 күдікті жағдай тіркеліп, оның 7-інің диагнозы клиникалық-зертханалық және эпидемиологиялық жолмен нақтыланды. Атап айтқанда, Қызылорда қаласынан – 2, Шиелі ауданынан – 1 және Жанақорған ауданынан 4 жағдай анықталды. Науқастармен қарым-қатынаста болғандардың барлығы 14 күнге медициналық бақылауда болды, шағымданушылар анықталған жоқ. Ауру ошақтарында эпидемиологиялық-энтомологиялық зерттеулер жүргізіліп, залалсыздандыру жұмыстары жасалды. Қазір күзгі өңдеу шараларын жоспарлау, ұйымдастыру бойынша шаралар жүргізілуде», – деп түсіндірді департамент басшысы Динара Жаңабергенова.

Мәліметке сәйкес, биыл жыл басынан тұрғындар арасында 891 адамды кене шағып, медициналық көмекке жүгінген. Зардап шеккен жандар 14 күн бойы медициналық бақылауда болған. Алайда үздіксіз жүргізілген алдын алу шараларына қарамастан, қауіпті зиянкестің салдарынан қайғылы жағдай болып, елді есеңгіретіп тастады.

«Жыл сайын көктемгі эпидемиологиялық маусымда арнайы зоологиялық-паразиологиялық топ құрылып, кенелердің таралуы, дамуы, түрлік құрамы, жұқпалылығы, яғни жалпыэпизоотологиялық жағдайға зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Соның негізінде биыл «Ұлттық сараптама орталығы» облыстық филиалының зертханасында 2741 кене сынамалары зерттеліп, кенелердің жұқпалылық көрсеткіші (құрамында ККҚК вирусы кенелердің үлес салмағы) 1,6 пайызды құрады. Негізінен, Қызылорда облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті табиғатқа демалысқа шыққанда, егіндік, мал шаруашылығымен айналысқанда, сондай-ақ балық аулау, далалық жағдайда еңбекпен шұғылданғанда келесі сақтану шараларын ұсынып келеді. Атап айтқанда, мал қырқымы кезінде қырқымға қатысушылар қорғаныс киімдерімен жұмыс жасап, ұзын резеңке қолғап, алдына резеңке алжапқыш және ұзын қоныш етік киюі тиіс. Сондай-ақ кенелердің жабысуын болдырмауға арналған түрлі жақпа майлар, аэрозольдер түріндегі үркіткіш заттар (репелленттер) пайдаланса құба-құп. Бұған қоса, табиғатқа шыққанда ауылшаруашылық малдарына, үй жануарларына күтім жасағанда мейлінше ақшыл түсті жабық киім кию, шалбардың балағын етік ішіне немесе шұлық ішіне салып, жеңді түймелеп, кене кірмеу жағдайын жасау қажет. Осы орайда кенені жалаң қолмен ұстап, өлтірмеу, санитариялық-гигиеналық, эпидемиологиялық талаптарды орындау қажет екенін айтқысыз келеді», – деп баяндады департамент басшысы.

Департамент тарапынан аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан бастап дер кезінде медициналық көмекке жүгіну – аурудың асқынуы мен өлім жағдайларының алдын алатынын алға тартады.

ОҢТҮСТІК ӨҢІР – ҚЫЗЫЛ ЗОНАДА

Жалпы, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы – кене арқылы берілетін вирус тудыратын қауіпті ауру. Вирустық геморрагиялық қызбаның өршуі өлімге әкеліп соқтыратыны да дәлелденген. Бүгінде бұл індеттің өлім-жітім деңгейі 10-40 пайызды құрайды екен.

Дерекке сәйкес, ККҚК індетінің тасымалдаушысы және сақтаушысы – кене жәндігі. Ауру көбінесе маусымдық мезгілдерге байланысты өршиді. Әсіресе, мамыр-тамыз айларында қауіпті саналады. Негізінен, індет көп жағдайда Қырымда байқалады. Сондай-ақ Астрахан, Ростов, Краснодар, Ставропольск, Африка мен Орталық Азияда және Қытайлар сынды елдерде кең етек алған. Ал еліміз бойынша қауіпті індеттің белсенді табиғи ошағы Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарының аумағы болып табылады. Сондықтан осы өңірлерді жыл сайын маусымдық залалсыздандыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп тұрады.

Осы мәселе төңірегінде Қызылорда облысы әкімдігіндегі өңірлік коммуникациялар қызметінде арнайы брифинг те ұйымдастырылды. Брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы кенеден келетін қауіптің себеп-салдары мен қазіргі ахуалы жайында кеңінен айтып өтті.

«Аймақта Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. 2024 жылдың өзінде көктемгі және күзгі залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланды. Соның негізінде көктемгі залалсыздандыру жұмыстары 9 сәуір мен 24 маусым аралығында жүргізілді. Жалпы, облыс бойынша залалсыздандыру жұмыстарының тиімділігі 98,1%-ды құрап отыр», – деді брифингте басқарма басшысы Марат Ердәулетұлы.

Мамандардың пікірінше, соңғы жылдары аурудың табиғи ошақтарының көлемі біртіндеп ұлғайып бара жатқаны байқалады. Оның үстіне, кенелердің қауіптілік белсенділігі де арта түскен.

Ең бастысы, аурудың алғашқы белгілері байқалған тұста дереу дәрігерге көрінуге кеңес береді. Өйткені бұл әзірге қауіпті кеселдің алдын алатын бірден-бір жолы болып тұр.

Қызылорда облысы

Бір өзі жиырма музыкалық аспапта ойнайтын атыраулық Абзал Сиғуатоллаұлы небәрі 24 жаста. Абзалдың жиырма аспапта ойнаған шағын бейнеклипі қазір әлеуметтік желіде кең таралып жатыр. Бір не үш емес, жиырма аспапты меңгеріп алған Абзал – қарапайым ауылдан шыққан талант.

20 аспаптың құлағында ойнайды

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Абзал Сиғуатолла – Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округі Жасқайрат ауылының тұрғыны. Ол отбасының кенжесі.

«Қарапайым отбасында дүниеге келдім. Үйде бес баламыз. Оның үшеуі – ұл, екеуі – қыз бала. Музыкалық аспаптарға деген қызығушылығым бала кезімнен басталды. Себебі әкем Сиғуат – музыкант. Арнайы музыкалық білімі болмаса да, әкем 3-4 аспапта еркін ойнайды. Ауылдың той-томалағы, сауыққештерінің сәнін келтіріп отырады. Әкемнің домбыра тартып отырғанын бала күнімнен көріп өстім. Домбыраның үні ерекше әсер ететін. Шыны керек, қазақтың қай аспабын тыңдап көрсеңіз де, дархан дала, асау жылқылар, қыран бүркітті көз алдыңа әкелетіндей бір сиқырлы үні бар», – дейді Абзал. Осылайша, Абзал өнер жолын қууға бел буған.

Ауыл мектебінде білім алған Абзал 7-сыныптан бастап, Атырау қаласындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы дарынды балаларға арналған академияға оқуға түседі. Академияда жүріп, вокал-пианино бағытына маманданады.

– Өнерге деген қызығушылығымды оятқан әкеме алғысым шексіз. Сол кісінің септігімен бала кезімнен үлкен сахналарда ән айтып, көптеген конкурстан жүлдемен оралып жүрдім. Кейіннен шеберлігімді шыңдау мақсатында облыс орталығына қоныс аудардым. Академияны аяқтағаннан кейін жоғарғы білімімді Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Өнер факультетінде жалғастырдым. Табиғи талантын кәсіби біліммен ұштастырған Абзал одан әрі Құрманғазы атындағы консерваторияда оқуымды жалғастырдым», – дейді.

Түрлі аспаптың құлағында ойнайтын Абзал қазір Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы «Сармад» этно-фольклорлық ансамблінде және Орал қаласындағы DD RECORDS командасында жұмыс істеп жүр.

«Шыны керек, аспаптардың әлемі бөлек. Қазіргі қоғам жеңіл әндерді ғана қабылдайды. Ұлттық өнерді қабылдауға әлі дайын емес. Сол себептен басты мақсатым – ұлттық аспаптар эстрадасын дәріптеу», – дейді Абзал.

Қазір Абзал ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен микс жасап, эстрадалық бағытта әндер жазып жатыр.

«Ұсыныстар болған жағдайда киноға да түсуім мүмкін. Бірақ ол кезде де мақсатым ұлттық өнерді насихаттау болады», – дейді Абзал.

Бір қызығы этно-фольклорлық стильдегі өнерге шетелдіктердің қызығушылығы жоғары екен. Абзал мұны шетелдердегі гастрольде көп байқайтынын айтады.

«Жақында Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі жанындағы «Сармад» этно-фольклорлық ансамблімен Голландияға барып келдік. Ол жерде тұрғылықты қазақ диаспорасы, қазақстандық студенттермен бірге, шетелдіктер де болды. Біздің концертіміз олар үшін ерекше бір әлем болды дей аламын. Әр аспаптың үніне үңіліп, ерекше қошемет көрсеткен көрермендер біздің ұлттық нақыштағы киімдерімізге де таңғалып, арнайылап суретке түсіп жатты. Қазақтың өнері – киелі өнер. Жас ұрпаққа осыны дәріптеп, жеткізу – мақсатым», – деп отыр.

Абзал қазір қазақ өнерін әлеуметтік желілер арқылы дәріптеуді де қолға алған. Instagram, TikTok, YouTube желілеріне түрлі форматтағы музыкаларын жүктеп отырған Абзал қазақтың ұлттық өнерін насихаттайтын уақыт келгеніне сенімді.

Біз өнерпаздан бір аспапты меңгеруге қанша уақыты кететінін сұрадық.

«Егер адам шын ниеттеніп кіріссе, бір аспапты үйренуге 1 апта уақыт жеткілікті. Ал оны жетілдіру – уақытпен келетін тәжірибе. Әр аспаптың өзіне тән киесі, энергетикасы болады. Бір қызыққан адамның ол әлемді жай ғана тастап кетуі мүмкін емес», – дейді Абзал.

Дала жыры, рухты, қазақтың әнкүйлерін және әуендерін заманауи, этно-джаз стилінде орындап жүрген Абзалдың қазақтың өнерін әлемге танытатынына сенеміз.

Атырау облысы

ОЛИМПИАДАШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Күні ертең Париж төрінде жалауы желбірейтін кезекті жазғы олимпиадалық ойындарда ел намысын қорғайтын Ұлттық құрамаға үлкен үміт артылып отыр. Солардың қатарындағы Алматы облысының спортшыларына да жарқын жеңістер күтері анық.

Болат АБАҒАН

Спортшылардың алды Парижге табан тіреп, апта соңына таман ашылатын дүниежүзілік додаға дайындыққа кірісті. Олардың арасында Алматы облысынан шыққан үздік бестік: балуан Демеу Жадыраев, мергендер Әсем Орынбай, Эдуард Ещенко, Мария Дмитриенко, Никита Чирюкин бар. Францияға аттанар алдында олимпиадашылармен жолыққан Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев спортшыларға ел намысын қолдан бермеуді тапсырып, сәттілік тіледі. Облыс басшысы бірінші кезекте олимпиадалық дайындық базасындағы спорт ғимараттардың бірі – Атыс кешенін аралап, мергендерді төрт жылда бір өтетін басты жарысқа жан-жақты дайындау үшін барлық қажетті жағдай жасалғанына көз жеткізді.

Облыс басшысы да олимпиадашыларға Париждегі XXXIII жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстанның абыройына көлеңке түсірмеуге тілектестігін жеткізді.

«Олимпиада ойындары – әлемдік спорт тарихында ерекше орын алатын оқиға. Ойындардағы әрбір жеңіс пен жүлде кез келген жарыстардағы жетістіктерден жоғары тұрады. Олимпиада жекелеген спортшылардың, тұтас мемлекеттердің өзара теңдігі мен құрметінің және адал бәсекелестігінің жарқын көрінісі. Сіздердің алдарыңызда бүкіл әлемге Қазақстан спортының әлеуетін кезекті рет паш ету міндеті тұр. Олимпиада – ең таңдаулы спортшылар бағындыратын биік шың. Сондықтан Парижде намыс пен жігердің, төзімділік пен шеберліктің керемет үлгілерін көресетесіздер деп үміттінеміз», – деп атап өтті Марат Сұлтанғазиев.

Кездесу олимпиадашыларды бейнебайланыс арқылы құттықтаған Қазақстан спорттық атыс федерациясының президенті Берік Асыловтың құттықтау сөзімен басталды.

«Барлық спортшы мен жаттықтырушыға осы олимпиадалық дайындық кезеңінен абыроймен өткені үшін алғыс айтқым келеді. Қазақстан олимпиадалық құрамасындағы 80 адамның тоғызы спорттық атудан сайысқа түседі. Олардың төртеуі Алматы облысынан. Еліміздің олимпиадалық құрамасынан лайықты орын алғандарыңызды мақтан тұтамын. Сіздерге үміт артамыз, табысты өнер көрсетулеріңізді тілейміз және жаттықтырушыларға әлемдік деңгейдегі шеберлерді даярлау үшін жылдар бойы атқарған қажырлы еңбектері үшін ризашылық білдіреміз. Сіздердің еліміздің намысын қорғап, жеңіспен оралатындықтарыңызға сенімдімін!» – деді Берік Асылов.

Олмпиада лицензиясын жеңіп алып, алдағы күндерде өтетін ең үлкен сынаққа тас-түйін дайындықта жүрген спортшылар мен жаттықтырушылар облыс әкіміне жан-жақты қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

«Өңірімізде спорттың дамуы, әсіресе оның әлемдік деңгейге көтерілуі – облыс басшылығының жан-жақты қолдауы мен қамқорлығының нәтижесі. Жаттығулар өткізіп, түрлі оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға басқа қалалар мен елдерге шығу үшін барлық қажетті жағдай жасағаны үшін алғыс айтамын. Қазір бар ойымыз Олимпиада да қалайда жеңіске жетіп, еліміздің абыройын асқақтатуды мақсат етіп отырмыз», – деді стендтік атудан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Әсем Орынбай.

Париж Олимпиадасына қатысуға лицензия алған спортшыларға өңір басшысы атынан 1 500 000 теңге көлемінде ақшалай сертификаттар табысталды.

Алматы облысы

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРГОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4474
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Бердібек ҚАБАЙ